



Жанғыру
жолында

3-бет

Жүйелі жұмыс –
қауіпсіздік кепілі

4-бет

Жерлестер
жеңіс күтеді

8-бет

• ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

Жетістікке жеткізер жеті міндет

Ел дамуының жаңа белесіне бастайтын батыл қадамдар нақтыланды. Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, алдағы жылдарға арналған стратегиялық міндеттер айқындалды. Экономиканың 6,5 пайыздық өсімі, жүйелі реформалар және құрылымдық өзгерістер Қазақстанның орнықты даму бағытын бекемдей түсті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеңейтілген жиында Премьер-Министр Олжас Бектенов 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін баяндап, Үкімет жүзеге асырған кешенді шаралардың нәтижесіне тоқталды. Үкімет басшысының айтуынша, жүргізілген реформалар экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ете отырып, ұзақ жылдар бойы қордаланған құрылымдық теңгерімсіздіктерді жоюға бағытталған.

– Салық және бюджет саясатына енгізілген өзгерістердің нәтижесінде үш жылдық бюджет Ұлттық қордан нысаналы трансфертсіз қалыптастырылды. Бұл қадам 2028 жылға қарай бюджет тапшылығын жалпы ішкі өнімнің 0,9 пайызына дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттердің республикалық қазынаға тәуелділігі 2025 жылғы 50 пайыздан 2028 жылы 34 пайызға дейін төмендейді, – деді Олжас Бектенов.

Жыл қорытындысы бойынша, ЖІӨ өсімі 6,5 пайызды құрап, құндық мәнде 20,1 миллиард долларға артқан. Экономикалық серпінге көлік саласы – 17,8 пайыз, құрылыс – 14,6, тау-кен өнеркәсібі – 17,4, өңдеу өнеркәсібі – 12,2, сауда – 26 пайыз және ауыл шаруашылығы – 5,9 пайыз өсім көрсетіп,



негізгі үлес қосты.

Премьер-Министрдің айтуынша, Үкіметтің 2026 жылға арналған негізгі басымдығы – халықтың нақты табысын өсіру. Ол үшін еңбекақыны көтеру, лайықты жалақы төлейтін жұмыс орындарын көбейту, кәсіби дағдылар мен білгілікті дамыту үшін кешенді шаралар әзірленуде.

Жиында цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу мәселелері де кеңінен талқыланды. Премьер-Министрдің орынбасары-Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев бұл бағыттағы бастамаларды таныстырса, Ұлттық

банк төрағасы Тимур Сүлейменов инфляцияны төмендету және ақша-несие саясатының негізгі тетіктері туралы есеп берді.

Кеңейтілген отырыста өзекті мәселелерге тоқталған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы кезеңде ел тағдырына әсер ететін ауқымды өзгерістердің маңызын атап айтып, экономиканы әртараптандыру, институционалдық реформаларды жалғастыру және халықтың әл-ауқатын арттыру басты басымдық болып қала беретінін көңіл аудартты.

Жаңа Конституция жобасы – мемлекетті басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға

бағытталған қанды құжат.

Ұсынылған өзгерістер билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта бөлуге, теже-мелік әрі тепе-теңдік жүйесін күшейтуге, саяси институттардың тиімділігі мен орнықтылығын арттыруға негізделген. Негізгі қағидат – «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін». Құжатта азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктері нақтыланып, адвокатура туралы жеке бап енгізу, тұрғын үйден мәжбүрлеп шығаруға тек сот шешімімен жол беру секілді маңызды нормалар ұсынылды.

► 2-бет

• БІЛІМ

Құжат қабылдау басталды

1 ақпаннан бастап Қарағанды облысында дарынды оқушыларға арналған мамандандырылған мектептер мен лицей-интернаттарға құжат қабылдау науқаны басталды. Қазіргі таңда өңірде 7 мамандандырылған мектеп-интернат, 2 лицей-интернат және облыстық музыкалық мектеп-интернаты жұмыс істейді.

Мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттарға 5-сыныпқа өтініштер 1 ақпан мен 15 сәуір аралығында қабылданады. Тіркелу www.qabyldau.daryn.kz электрондық платформасы арқылы жүзеге асады. «Білім-инновация» лицей-интернаттарына 7-сыныптарға құжаттар 1 ақпаннан 12 сәуірге дейін қабылданады, онлайн-тіркеу <http://www.bilemtihan.kz> порталы арқылы жүргізіледі.

Музыкалық мектеп-интернатқа құжат қабылдау 1 ақпан мен 15 сәуір аралығында өткізіледі, өтініштерді <http://www.e-bilimal.kz> сайтында беруге болады. Қарағанды облысында мамандандырылған білім беру ұйымдарына Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы мектеп-лицей-интернаты, Н.Нұрмаков атындағы мектеп-лицей-интернаты, «Дарын» және «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицейлері, Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицейі, сондай-ақ, Балқаш қаласындағы «Зияткер» мамандандырылған мектебі мен Теміртау қаласындағы «Озат» мамандандырылған мектеп-лицейі кіреді.

Қосымша ақпарат алу үшін облыстық білім басқармасына немесе мектептердің қабылдау бөліміне хабарласуға болады.

Өз тілшімізден

• ТУРИЗМ

Жаңа тренд: экотуризм мүмкіндіктері

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетінің бас редакторы, белгілі акын, публицист Бауыржан Бабажанұлына берген сұхбатында: «Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайдылығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр» деп баса айтқан еді. Қазіргі таңда Қарағанды өңірі экотуризмді жүйелі дамытуға ерекше басымдық беріп отыр. Бүгінде «Жұмыс істеймін» деген кәсіпкерлерге айтарлықтай қолдау бар. Осы бағытта облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлер мен инвесторларды Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі туристік-рекреациялық инфрақұрылымды дамыту мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстел өткізді. Оның барысында Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде эко-қонақүйлер мен визит-орталық салуға арналған жобалар таныстырылып, құрылыс жүргізуге болатын нақты аумақтар назарға ұсынылды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда экологиялық туризмді дамыту мақсатында Қарқаралы мемлекеттік ұлттық паркінің аумағында жалпы көлемі 9,44 гектарды құрайтын төрт жер учаскесі ұзақ мерзімді пайдалануға берілді. Сондай-ақ, жалпы ауданы 6,77 гектар болатын сегіз жер учаскесі қысқа мерзімді пайдалану үшін ұсынылып отыр. Сонымен қатар, туризм мен рекреация саласын одан әрі дамыту мақсатында инфрақұрылымды жетілдірудің

бас жоспары әзірленген. Аталған жоспарға сәйкес қосымша 14 жер учаскесін қысқа мерзімді, алты жер учаскесін ұзақ мерзімді пайдалануға беру көзделуде.

– Қысқа мерзімді пайдалану дегеніміз – ұлттық парк аумағында рекреациялық жүктеме нормалары мен қорғау режимін сақтай отырып, уақытша туристік-рекреациялық нысандар салу. Бұл бағытқа туристік лагерлер, сервистік қызмет көрсету орындары, демалыс аймақтары және туристік жабдықтарды жалға беру пункттері жатады. Ал, ұзақ мерзімді пайдалану Қазақстанның табиғатты

қорғау заңнамасының талаптарына және ұлттық табиғи парк аумағын қорғау режиміне қайшы келмейтін туристік-рекреациялық нысандарды орналастыруды айтамыз. Олардың қатарында эко-қонақүйлер мен туристік инфрақұрылым объектілері кіреді. Таулы орманшылық аумағындағы «Бұғылы» шатқалында жалпы ауданы 2,9 гектарды қамтитын үш эко-қонақүйдің құрылысы жоспарлануда. Аталған бастама экологиялық туризмді дамытуға бағытталған инвестициялық жоба аясында жүзеге асырылмақ.

► 5-бет




Коллажды жасаған Арайлым Коктаева

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Ертеңге бастар жол

Аймақта еңбек нарығын тұрақтандыру және халықты жұмыспен қамтуды кеңейту бағытындағы кешенді шаралар нақты нәтижесін беріп келеді. Жұмыссыздықты төмендетуге, жастар мен жасы ұлғайған азаматтарды еңбекке тартуға, сондай-ақ, әлеуметтік осал топтарды қолдауға бағытталған бағдарламалар аймақта жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қолға алынған жобалар арқылы мыңдаған тұрғын уақытша және тұрақты жұмыс орындарымен қамтылып, өңірдегі экономикалық белсенділік арта түсті.



Облыстың Еңбек мобильділігі орталығының мәліметіне сүйенсек, аймақта еліміздің 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасын іске асыру бағытында жүйелі жұмыстар лек-легімен жүргізілуде. Аталған жоба аясында жұмыссыздық деңгейін төмендету, халықты жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту – басты назарда.

Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі таңда Қарағанды облысы бойынша 14 544 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Олардың 6 679-ы жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алып отыр. Мемлекеттік қолдау шаралары мен жұмыспен қамтудың белсенді саясатын Қарағанды облысының «Еңбек ұтқырлығы» орталығының мамандары жүзеге асыруда.

Жоба аясында биыл өңірде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бірқатар шаралары, атап айтқанда, субсидияланатын жұмыс орындары іске қосылуда.

Дерекке сүйенсек, алдын ала кәсіби даярлықты талап етпейтін, әлеуметтік маңызы бар қоғамдық жұмыстарды мансап орталықтары ұйымдастырады. Қатысушылар қатарына 16 жастан зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыздар, оқуынан тыс, бос уақытында жұмысқа жарамды студенттер мен жоғары сынып оқушылары, сондай-ақ, өндірістің тоқтап қалуына байланысты жұмыссыз қалған азаматтар қатыса алады.

Еңбекақы мөлшері кемінде 24 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды. Қатысу мерзімі – 12 айдан аспайды. Әлеуметтік жұмыс орындары – жұмыс берушілер мен мансап орталықтары арасында келісімшарт негізінде құрылатын, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға арналған жұмыс орындары. Бұл жағдайда жалақының бір бөлігі мемлекет тарапынан субсидияланады.

Ал, жалақыны субсидиялау мөлшері – жұмыссыз азаматтар үшін – жалақының 35%-ы. Бірақ, 24 АЕК-тен, үкіметтік емес ұйымдарда құрылған әлеуметтік жұмыс орындарына ор-

наластырылған мүгедектігі бар адамдар үшін – 70%. Дегенмен, 24 АЕК-тен аспайды. Қатысу мерзімі – 12 айға дейін.

Сонымен қатар, мемлекет жастар үшін Жастар практикасы арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне алғашқы еңбек тәжірибесін алуға мүмкіндік беріп отыр. Бағдарламаға соңғы 5 жыл ішінде оқуын аяқтаған, алған мамандығы бойынша еңбек өтілі жоқ, 35 жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Еңбекақы мөлшері – 30 АЕК.

Зейнетте жүрсеңіз де, жұмыссыз қалмайсыз. Ынта болса, болғаны. Атап айтсақ, «Күміс жас» жобасы 50 жастан зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған. Жалақыны субсидиялау мөлшері – бірінші жылы – 70%, бірақ 30 АЕК-тен аспайды, екінші жылы – 65%, бірақ, 30 АЕК-тен аспайды, үшінші жылы – 60%. Десе де, 30 АЕК-тен аспайды. Бұл жобаға қатысу мерзімі басқаларынан ұзактау, 36 айға дейін.

Аталған шараларды іске асыру азаматтарды белсенді еңбек қызметіне тартуға, олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасының негізгі мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретінін атап айту қажет.

Сонымен қатар, «Еңбек ұтқырлығы» орталығы жұмыссыз азаматтарға жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алу үшін өтініш беруге көмек көрсетеді. Өтініштерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӨСК) қарайды. Ал, төлемдерді Мемлекеттік әлеуметтік төлемдер орталығы (МӨТО) жүзеге асырады.

Шұғыла ТӨНЦБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоба Қазақстанның зайырлы сипатын айқындап, білім мен ғылымды стратегиялық басымдық ретінде бекітеді. Неке ұғымын нақтылау арқылы дәстүрлі құндылықтарды сақтау көзделген, табиғатты қорғау мәселесі де конституциялық деңгейде көрініс тапқан. Тәуелсіздік, егемендік, аумақтық тұтастық, унитарлық құрылым – мызғымас қағидаттар ретінде бекітіледі. Осылайша, Ата Заңда бірлік, келісім және жауапты отаншылдық ұғымдары нығая түседі.

Бүкіл мемлекеттік аппарат нақты нәтижеге жұмыс істеуі керек, оның игілігін халық көруге тиіс, – деген Мемлекет басшысы жауапты кезеңде бағыл әрі тиімді шешімдер қабылдаудың маңызын ерекше атап өтіп, жеті түрлі өзекті мәселеге кенінен тоқталды.

Алдымен, инфляцияны ойға қонымды, қалыпты деңгейге түсіру алдағы кезеңнің басты міндеттерінің бірі екенін атап айтты. Бағаның негізсіз шарықтауына жол бермей, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Үкімет пен Ұлттық банк бірлескен нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуге тиіс.

Бұл жұмысқа жауапты мекемелермен қатар тәуелсіз сарапшылар да тартылып, алдағы үш жылда инфляцияны кезең-кезеңімен төмендетуге бағытталған перменді шаралар қабылдануы қажет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеде созбаланға салуға жол жоқ екенін қадап айтты.

– Инфляцияның не себепті жоғары болып тұрғаны белгілі. Енді осы мәселені шешу керек. Үкімет пен Ұлттық банк нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуге тиіс. Мәселені шешудің орнына бос сөзге салынып, қажетсіз «жол карталарын» көбейту – жауапкершіліктен қашу. Ондай жағдайда қатаң шара қолданылады. Халықтың табысы артса ғана, нақты нәтижеге қол жеткіздік деп санауға болады, – деді Президент.

Ал, Жаңа Салық кодексінің тиімді енгізу экономиканың ашықтығы мен тәртібін күшейтудің басты тетігі екендігін нақтылап айтты. Биыл күшіне енген құжат салық-бюджет саясатын теңгерімді сипатқа көшіруге, бизнесті заң аясында жұмыс істеуге ынталандыруға бағытталған. Қазірдің өзінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа режим аясында 180 мыңнан астам азамат заңды түрде тіркелді. Үкіметтің бағалауынша, салық реформасы биыл бюджетке қосымша 4,4 триллион теңге түсіруге мүмкіндік береді.

– Жазалаушы менталитеттен арылатын кез келді. Салық органдары мен салық төлеушілер арасында серіктестік және өзара сенім қағидаты орнығуға тиіс. Мемлекет пен бизнестің тиімді ықпалдастығын жолға қою керек. Мұндай серіктестік әділдікке, өзара тиімділікке, тіпті экономиканы дамытудың маңызын түсіну тұрғысынан алғанда жауапкершілікке құрылуы тиіс деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сонымен бірге, цифрлық мемлекет құру – Қазақстанның ұзақмерзімді дамуына тікелей әсер ететін стратегиялық міндеті екені де назардан тыс қалмады. Цифрлық тәсілдер артық шығындарды қысқартып, әкімшілік кедергілерді



жоюға, басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация жеке секторсыз жүзеге аспайды. Бизнеске цифрлық шешімдерді енгізуге жағдай жасау, мемлекеттік қызметтерді сапалы интеграциялау, әлеуметтік саланы «Әлеуметтік әмиян» және цифрлық профиль арқылы нақты мұқтаж азаматтарға бағыттау – басты міндеттердің бірі. Денсаулық сақтау мен білім беру салаларындағы ақпараттық жүйелерді біріктіру, қаржының ашықтығын қамтамасыз ету және алаяқтықты жою да – күн тәртібіндегі өткір мәселе.

– Үкімет мүшелері мен әкімдер өздеріне сеніп тапсырылған салалар мен облыстардағы барлық оқшылықты цифрландыруға «жаба салады». «Жапайы цифрландыру енгізілсе, Сіз көрсеткен оқшылықпен мен кемшіліктер өзіңінен жойылады» дейді. Бұл арада не айтуға болады? Адамдар өзін қорғаудың, басын арашалап алудың небір құйтырқы әдісін табады, – деді Мемлекет басшысы.

Одан бөлек, еліміздің толыққанды жаңа инвестициялық кезеңге қадам басуға тиіс екені баса айтылды. Соңғы жылдары елге тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 84 миллиард доллардан асып, негізгі капиталға салынған қаржы шамамен 50 пайызға артты. Дегенмен, инвестиция өсімінің қарқыны баяу. Ендігі міндет – сан қуаламай, сапалы, жоғары технологиялы өндірістерге бағытталған жаңа стратегия қалыптастыру.

Айтуынша, инвестициялық саясаттың тиімділігі институционалдық реформаларға да байланысты. «Бәйтерек» пен «Самұрық-Қазына» қоры нақты экономикалық серпін беретін құрылымға айналуға тиіс. Арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі үлгісі күткен нәтижені бермей отыр: ширек ғасырда олардың ЖІӨ-дегі үлесі 1 пайыздан сәл ғана асты. Сондықтан, үш ай ішінде АЭА-ларды дамытудың жаңа моделі бекітіліп, инвестициялық штабтың үйлестіру ролі күшейтілуі қажет.

Мемлекет инвесторлар алдындағы міндеттемелерін мұлткіз орындауы тиіс. Шетелдік сапарлар барысында жасалған 75 миллиард долларлық коммерциялық келісімдер қағаз жүзінде қалмай, нақты жобаларға айналуы қажет. Шешім қабылдау үдерісі жеделдетіліп, әр-

бір жобаға бірінші басшылар жеке жауап беруі керек. Инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты нақты жұмыс істеуі шарт.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл кезеңде батылдық пен жауапкершілік қажет екенін ашық айтты. «Қазір қорқыныштан қалтырап отыратын емес, нақты жұмыс істейтін заман», – деді Мемлекет басшысы. Мәлімдеуінше, мемлекет инвесторларға сенімді әріптес болуы керек, ал, барлық келісім нақты мерзім мен жауапты тұлғалар арқылы орындалуға тиіс.

Ал, жаңа инвестициялар, ең алдымен, еліміздегі заманауи өнеркәсіптің берік іргесін қалауға бағытталуы керектігін де мұқият тапсырды. Былтыр өңдеу өнеркәсібі 6,4 пайызға өссе де, өңделген тауар экспортының 2,7 пайызға төмендеуі саладағы құрылымдық әлсіздікті көрсетті. Металлургиядағы өнімнің басым бөлігі әлі де төмен деңгейде өнділіп, шикізат күйінде сыртқа кетіп жатыр.

Айтуынша, өңдеу қағидаты ауыл шаруашылығында да басымдыққа айналуға тиіс. Үкімет 1 қыркүйекке дейін Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы жаңа заң әзірлеп, субсидиялау жүйесін толық цифрландырып, ветеринарлық қауіпсіздікті күшейтуге міндеттелді. Табиғи апаттардың алдын алу, су тасқыны мен құрғақшылыққа дайындық мәселесі де жүйелі әрі технологиялық негізде шешілуі керектігіне назар аударды.

– Шикізатты сыртқа шығарып, дайын өнімді қайта сатып алу – ақылға қонымсыз. Мұндай тәжірибені доғару керек. Өңдеу өнеркәсібін дамытамыз деп, шикізат секторына зиян келтіруге болмайды, бәрі байыппен әрі нақты есеппен атқарылуы тиіс. Ауыл шаруашылығында да жүйесіздікке жол бермейміз. Кооперацияны дамытып, ветеринария саласын тәртіпке келтіру қажет. Табиғи апаттардың алдын алу үшін цифрлық тәсілдерді толық пайдалануымыз керек. Қазір әрекет ететін уақыт, – деді Президент.

Тағы бір өзекті мәселе, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті кеңінен енгізу – кәсіпкерлікті сапалы жаңа деңгейге көтерудің негізгі тетігі. Бүгінде жалпы ішкі өнімнің 40 пайызы, ал негізгі капиталға салынған инвестицияның 70 пайызға жуығы шағын және орта бизнеске тиесілі. Бұл – жүйелі жұмыстың нәтижесі. Алайда, ендігі

міндет – сапаға басымдық беру.

– Қағаз жүзіндегі есеппен шектелуге болмайды. Мемлекеттік активтерді жекешелендіру мәселесі созылып кетті. Егер активтер бюджет есебінен қаржыландырылса, бұл жеке кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіреді. Үкімет бір ай ішінде ұстанымдарды қайта қарап, бизнеске шын мәнінде қолайлы жағдай жасайтын нақты шаралар қабылдауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, жаңа экономикалық үлгіге қошу жағдайында көлік-логистика саласын дамыту стратегиялық басымдыққа айналуға тиістігі де тілге тиек етілді. Қазақстанның Еуразия кеңістігіндегі бірегей географиялық орны – орасан зор артықшылық. Оны тиімді пайдалану – тарихи жауапкершілік. Көлік-тасымал жүйесі енді тек инфрақұрылымдық емес, экономикалық сипатқа ие болып, өнеркәсіп және инвестиция саясатымен біртұтас қарастырылуы қажет. Бұл – жаһандық бәсеке күшейген кезеңдегі шешуші бағыт.

Теміржол саласын кешенді жаңғырту – басты міндеттің бірі. Жаңа желілерді іске қосу, қолданыстағы бағыттарды жаңарту және транзиттік әлеуетті толық пайдалану қажет.

Шекарадағы өткізу бекеттерін жаңғырту, кеден рәсімдерін цифрландыру және ақпараттық жүйелерді өзара іріктіру – жүк және жолаушылар транзитін тиімді етудің негізгі шарттары. «Smart Cargo» және «Keden» секілді платформаларды толық іске қосу арқылы біртұтас интеллектуалды көлік эжойесін қалыптастыру қажет. Бұл – ашықтықты арттырып, рәсімдерді жеделдетуге мүмкіндік береді, бірақ бақылау сапасы әлсіреп кетпеуі тиіс.

Мемлекет басшысы алдағы кезеңде нәтижеге бағытталған, нақты әрі жедел әрекет қажет екенін және жеті өзекті бағыт бойынша әр тапсырма мерзімінде орындалып, бақылауға алынуы тиіс екенін нақтылады. Президенттің негізгі ұстанымы – қағаз жүзіндегі жолаушылар емес, халықтың табысын арттыратын нақты нәтижелер керек, ал, бұл үшін Үкіметтің ұйымдастырушылық шеберлігі, цифрлық трансформация және инвестициялық тартымдылықты арттыру басты құрал болмақ.

Суреттер akorda.kz сайтынан

• ӨЗЕКТІ

Жаңа автобустар сапарға шықты

Аймақта соңғы жылдары қоғамдық көлік паркін жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Күні кеше тұрғындар көп қатынайтын №29 бағытта жаңа автобустар жолға шықты. Бұл бағыттағы көлік сапасына қатысты тұрғындар тарапынан бұған дейін бірнеше рет сын-ескергілер айтылған болатын.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолаушы тасымалдаушы компаниясы мәселені ескере отырып, жаңа автобустар сатып алған. Қала көшелеріне шыққан көліктер – «СемАЗ» ЖШС-де құрастырылған Dongfeng маркалы автобустар. Әрқайсысының сыйымдылығы – 45 адам. Экологиялық класы – Евро-5, яғни, ауаға зиянды шығарындылар

көлемі азайтылған. Әрі заманауи талаптарға сай.

Жаңа автобустардың барлығы кондиционерлермен және жылыту жүйелерімен жабдықталған. Салондарында бейнебақылау камералары орнатылып, жолаушылар қауіпсіздігіне ерекше мән берілген. Сонымен қатар, жолақыны төлеу үшін ONAY терминалдары мен QR-код арқылы төлем жасау мүмкіндігі қарастырылған.



– Автопарк 22 жаңа автобус сатып алды. Оның алғашқы жетеуі Қарағандыға жеткізіліп, №29 бағытта қызмет көрсете бастады. Қалған автобустарды наурыз айының соңына дейін аламыз. Олар да осы бағытқа жіберіледі. Нәтижесінде бұл бағыттағы автобус құрамы толық жаңартылады, – деді «Экспресс ИАА» ЖШС директоры Жарқын Оспанов.

Компания өкілдерінің мәліметінше, жаңа автобустар жеткізілсе, автопарк 95 пайыз жаңарту деңгейіне жетеді. Қала тұрғындары да оң өзгеріске риза болып, қуанышын жасыра алмады.

– №29 бағытпен күнделікті жұмысқа қатынаймын. Бұрынғы

автобустардың жағдайы сын көтермейтін. Жазда ыстық, қыста суық. Жаңа көліктердің іші жайлы, жылы әрі таза. Әсіресе, қазіргі қыс мезгілінде жылыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі өте маңызды. Осындай жаңартулар басқа бағыттарға да жасалса, құба-құп болар еді, – дейді қала тұрғыны Айгүл Нұржанқызы.

Қалалық жолаушылар көлігін жаңарту алдағы уақытта да жалғасады. Қоғамдық көлік сапасының артуы тұрғындардың күнделікті өмір сапасына тікелей әсер етіп, қаладағы көлік мәдениетін қалыптастыруға да оң ықпал етері сөзсіз.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Асқақ мұрат мұнарасы

Жаңа Конституция жобасының жариялануы заманауи, орнықты әрі әділетті мемлекеттік құрылым жолын айқындайтын жарқын шамшырақ іспетті. Құжат өзегінде адам өмірі тұр: оның құқықтары, қадір-қасиеті және билік қоғамға қызмет етуі тиіс деген берік сенім. Мен де өз кезегімде бірлік пен прогресс рухына суарылған әрқайсымызды Отан тағдырына белсенді араласуға үндеймін.

Иә, жаңа Конституция жобасының әр беті алтын жіппен өріліп, Қазақстан халқының терең де тегей дәстүрлерін ХХІ ғасырдың сын-қатерлерімен сабақтастырады. Әсіресе, білім, ғылым, мәдениет пен инновацияға қатысты нормалардың күшеюі айрықша назар аударарлық мәнге ие. Өйткені, дәл осы салалар – ұлттың ұзақмерзімді өркендеуінің берік бағаналары. Білім болашақ валютасына айналған уақытта заң баптары республиканы зияткерлік өсудің нағыз ошағына айналдыруға жүр-жүрлейді. Мәйекті мүмкіндіктерден қанаттанған жас ұрпақ жаһан жанылықтарына өз үлесін қосуға осы бастан тастүйін әзір.

Жаһандық трансформация дәуірінде Қазақстан мемлекеттік құрылымын жаңғырту жолында нық қадам жасап отыр. Қоғам сарабына ұсынылған жаңа Конституция жобасы елдің құқықтық негізін жаңартумен ғана шектелмей, ашық, жауапты және инновациялық қоғамның берік іргетасын қалайды. Партиялардың рөлін күшейтуге, адам құқықтарын қорғауға және билік пен халық арасындағы диалогты дамытуға бағытталған өзекті өзгерістер республиканың саяси және әлеуметтік өміріндегі қуатты катализаторына айналмақ.

Конституция жобасы аясындағы негізгі жаңашылдықтардың бірі – пропорционалды сайлау жүйесіне көшу. Реформа, сөзсіз, саяси партиялардың қадірлық саясатының сапасын арттырып, оның институционалдық рөлін күшейтеді, қоғам алдындағы жауапкершілігін еселейді. Сәл бұрынырақтағы жеке тұлғалық амбициялар басым болған моделден



айырмашылығы, пропорционалды жүйе партияларды сайлаушылардың нақты сұраныстарына бағытталған кәсіби мамандардан құралған мықты команда қалыптастыруға ынталандырады. Мұндай тәсіл көптеген демократиялық елдерде өзінің тиімділігін дәлелдеп, саяси бәсекелестіктің артуына да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің төмендеуіне оң ықпал еткен.

Конституция жобасы мәтінінде алғаш рет адвокатура мен адвокаттық қызметке арналған арнайы баптың енгізілуі де маңызды жаңалық. Азаматтардың құқықтарын қорғауда адвокаттардың рөлін мойындау – көптен күткен жайт еді. Аталған норма құқықтық көмектің сапасын арттырып, әділ сот жүйесін қалыптастырады. Сонымен бірге, зияткерлік меншікті қорғаудың күшеюі инновация мен шығармашылықты мейлінше ынталандырады. Қазақстандық өнертапқыштар, суретшілер мен ғалымдар өз идеяларының қорғалатынына сенімді бола түседі.

Заң атауылысының кері күшіне тыйым салу, кінәсіздік презумпциясы, бір құқық бұзушылық үшін қайта жауапкершілікке тартуға жол бермеу қағидаттары озбырлықтан қорғайтын берік қалқан. Адам құқығын міндетті түрде түсіндіруді көздейтін «Миранда ережесінің» енгізілуі қазақстандық құқықтық жүйені әлемдегі

жетекші демократиялық стандарттар деңгейіне көтереді. Сондай-ақ, бірегей жоба Конституцияның ескірген терминологиялық аппаратын кешенді түрде жаңартып, негізгі заңның тілін қазіргі заман талаптарына сәйкестендіреді.

Бірегей Ата Заң жобасы мәдениетті ұрпақтар арасын жалғайтын алтын көпір ретінде айқындайды. Хакім Абайдың эпикалық мұрасынан бастап, отанымызды айдай әлемге танытатын заманауи арт-жобаларға дейінгі ұлттық қазынаны сақтау – көкейдегі көксегеніміз. Бажайлап сараптасақ, аталған құжат өткенге байланып, болашаққа айқын көзқараспен қарайды.

Цифрлық кеңістіктегі азаматтарды өз құқықтарын қорғау секілді заманауи сын-қатерлер жүйелі әрі асқан көрегендікпен қамтылғаны қуантады. Дерек – онлайн ғасырдың мұнайына, ал, киберкеңістік еркіндік үшін күрес алаңына айналған шақта жаңа Конституция әр қазақстандық үшін қорған бола алады. Десе дерліктей, жеке деректердің хакерлер мен ірі корпорациялардың оңай олжасына айналуына жол бермей, цифрлық құқықтарды күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі ретінде бекітеді.

Мәртебелі мәтін нұсқасында жарты ауыз жалған жайт жоқ. Сарапшылар мұндай тәсілдің Еуропадағы GDPR секілді жаһандық стан-

дарттармен (General Data Protection Regulation) – деректерді қорғаудың жалпы ережесі. Стандарт Еуропалық Одақ елдерінде және оның азаматтарының қатысуымен дербес деректерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату тәртібін анықтайды) үндес екенін, әрі интернет, тіпті, шалғай ауылдарға дейін жеткен біздің қазіргі ахуалымызға бейімделгенін атап өтуде. Нәтижесінде қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, жалған ақпарат қаупін азайтып, барлық азаматтарға технологияға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бірегей жобаны айрықша ететін тағы бір қыры – оны дайындау форматы. Ашық, инклюзивті диалог: сарапшылардың, өңір өкілдерінің, белсенді азаматтардың пікірлері бір арнаға тоғысты. Үдеріс жабық кабинетте емес, кеңейтілген қоғамдық алаңда өтті. Дөңгелек үстелдер, онлайн-форумдар, қала мен ауылдардағы кездесулер тағы басқасы. Жасырып қайтеміз, бұрын реформа атаулысы «жоғарыдан төмен» қағидасымен жүргізілсе, бүгінде біз ерікті эволюцияны аңдап отырмыз. Монтани монологтан серпілісті сұхбатқа ойыстық. Мұндай теңгерімді тәсіл құжаттың легитимділігін арттырып қана қоймай, әр азамат өзін ел тарихының телтума авторы ретінде сезінетін азаматтық мәдениетті қалыптастырады. Сараптамалық тұрғыдан алсақ та, осындай орынды көзқарас әлеуметтік қажетсіз қалыптасулардың алдын орайды. Чили мен Исландия секілді елдердегі табысты конституциялық реформалар мұны дәлелдеп отыр. Әрі-беріден соң, атамекеніміздегі ретті реформа әлем назарында екендігін қаперден әсте шығармағанымыз ләзім.

Алдағы референдум – осы жосықты жолдың шарықтау шегі. Әрбір қазақстандық өз елінің нағыз кейіпкеріне, қаһарманына айналатын сындарлы сәт бұл. Асылында дауыс беру – отансүйгіштіктің, жауапкершіліктің, болашаққа деген жанашырлықтың нышаны.

Марина ШИЛПЕР,
Қарағанды облыстық
мәслихатының депутаты
Сурет автордың жеке мұрағатынан

Елдің жарқын болашағы

Биыл еліміз өз Тәуелсіздігінің 35 жылдық мерейтойын атап өтпек. Жұртшылық үшін бұл бір ауқымды кезең болып көрінер, ал, тарих үшін өте қысқа мерзім екені ешкімге талас тудырмайды. Тіпті, басты мәселе уақыттың ұзақ немесе қысқалығында да емес, бастысы, елімізде осы мерзімде нендей игілікті даму үрдісі болды деген сауалдан бастау алады. Ақиқатқа жүгінсек, қазір еліміз аса ірі саяси өзгерістер қарсаңында тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа, әділетті Қазақстанды қалыптастыру идеясы соңғы кездегі билік пен қоғамның арасындағы диалог, тығыз байланысқа ұлас-ты. Ал, бұл өз кезегінде демократияның дамуындағы серпінділікті аңғартады. Сөз жоқ, егер әлем елдерінің тарихына көз жүгіртсек, әр түрлі кезеңде қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарды ескере отырып, негізгі заңдарына өзгерістер енгізгенін байқау қиын емес және ол өзгерістер тарихи жағдаймен, қоғамдық қажеттіктермен сабақта- екенін де пайымдауымыз орынды.

Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ, бұған дейінгі қабылданған Конституциямыз, оған енген жекелеген өзгерістер бәрі де сол уақыт аясындағы нақты хал-ахуал, қажеттіктен туындады, ал, қазіргі жағдайда Ата Заңымызға енетін өзгерістерді, яғни, Конституциялық реформаны уақыттың өзі талап етіп отыр. Аса күрделі ахуал, қалыптаса бастаған аса қиын геосаяси атмосфера ауқымында өзгеріс қажет. Бүгінде қаншалықты саяси, рухани, экономикалық жағдаяттармен бетпе-бет келетінімізді бағамдау қиынға соқпайды.

Билік саласындағы өзгерістер, нормативті-заңдық тұрғыдағы жаңалықтар Конституциялық реформа жобасында көрсетілуі және басқа да тұтас-тай алғанда, әр адамның мемлекетке қызмет етуі дегеннен гөрі халық еліміздің баға жетпес капиталы болғандықтан, заңның адамға қызмет етуі, оның еркіндігі, бостандығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы деп, осы аса маңызды мақсатқа ден қойғанымыз абзал.

Осы орайда ел болашағына берік сеніммен көз жүгірткен әр жан қазіргі кезеңде аса маңызды мәселе боп есептелетін қоғамдық сананың қалыптасу деңгейіне назар аударар еді. Бұл жайттың, әсіресе, еліміздің болашағы жастар үшін маңызы орасан зор.

Асылы, біздің халқымыз өткенге салауат, бүгінге тәуба дей отырып, болашаққа үлкен үмітпен қараған. Тек бүгінгі уақытпен ғана шектелмей, ертеңгі күніне батыл болжамдар жасаған. Ертеңгі уақыт дегенде бүгінгі жас буын өкілдерін, шәкірттеріміз, студенттерімізді айтамыз. Егер әрбір жас буын өкілі Конституциялық реформа жобасын мұқият оқып, сана сүзгісінен өткізсе, оның бойында қазақстандық елжандылық, заманауи білімді меңгеру, ел болашағы үшін ғылыммен қарулану, өз халқының патриоты болып қалыптасу үрдісінің жүзеге асатыны анық.

Қоғамдық сана түрлерінің дамуы дегенде ел мәдениетінің негізін, қоғамның әлеуметтік құралын қалыптастырып отыратын, дүниетанымдық, әлеуметтік-танымдық қызметке ие дүниелерді айтатынымыз белгілі. Сондықтан да, бұл айтылғандар қоғамды біріктіретін біртұтастықты, рухани келісім, татулықты, мемлекеттің нығайып, дамуын қамтамасыз ететін құндылықтар болғандықтан, бұл айтылғандарға Конституция реформасының жобасында айрықша мән беріледі.

Қуанышбек АДАНОВ,
«Bolashaq» академиясының
ректоры

Жаңғыру жолында

Қоғамдық-саяси жаңғыру қарқын алған сайын заңға қойылатын талап та күшейіп келеді. Ауылдың ахуалы, жер мен еңбек мәселесі, ұлттық құндылықтарды сақтау – бүгінгі реформалардың басты өзегі. Елде жүріп жатқан Конституциялық жаңғыру ауыл азаматтары мен аграрлық бағыттағы зиялы қауым үшін де айрықша мәнге ие. Осыған байланысты «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының Қарағанды облыстық филиалында Конституцияның жаңа жобасына арналған саяси кеңестің кеңейтілген отырысы өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Партияның облыстық филиалының төрағасы Руслан Никонович Конституциялық реформаның ел дамуы үшін заңды әрі уақыт талабынан туындаған үдеріс екенін атап өтті. Өзгерістер қоғамдағы шынайы сұраныстарға жауап беруге тиіс екенін айтты.

– Жаңа Конституция жобасында азаматтық қоғамның рөлі күшейіп, қоғамдық кеңестердің ықпалы артты. Билік пен халық арасындағы кері байланысты нақты тетіктер арқылы жолға қою мәселелері айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар, бір палаталы Парламентке көшу бастамасы заң шығару үдерісін жеделдетіп, қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті арттырады. Жаңа нормалардың түпкі мақсаты – «мемлекет адам үшін қызмет етуі керек» деген қағидатты нақты мазмұнмен толықтыру. Бұл – тек ұран емес, басқару жүйесінің пәлсапасын да өзгертетін маңызды қадам, – деді облыстық филиал төрағасы.

Кеңейтілген отырысты өңірлік филиалдың саяси кеңесінің төрағасы, химия ғылымдары-

ның докторы, академик Серғазы Әдекенов тізгіндеді. Ол Конституциялық реформаны тарихи сабақтастық тұрғысынан бағалап, қолданыстағы Ата Заңның ел дамуы жолындағы рөлін атап өтті.

– 1995 жылы қабылданған қолданыстағы Конституция тәуелсіздіктің өтпелі кезеңінде мемлекеттің іргесін бекітіп, елдің тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуде шешуші қызмет атқарды. Алайда, отыз жыл ішінде қоғам да, экономикалық және әлеуметтік қатынастар да түбегейлі өзгерді. Осыған байланысты Ата Заңды заман талабына сай жаңғырту қажет-ақ. Жаңа Конституция жобасында халықаралық беделді нығайтуға, адами капиталды дамытуға, білім мен ғылымды, инновацияны стратегиялық басымдық ретінде айқындауға ерекше мән берілген. Ұсынылып отырған өзгерістердің түпкі мақсаты – адамды, оның құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің басты құндылығы ретінде бекіту, – деді Серғазы Мыңжасарұлы.

Жиын барысында жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары жан-жақты талқыланды. Қатысушылар реформаның саяси, әлеуметтік және құқықтық қырла-



рына тоқталып, оның өңірлік деңгейдегі маңызын атап өтті. Пікір алмасу ашық форматта өтіп, әртүрлі көзқарастар сарапқа салынды. Айтылған ұсыныстар мен пайымдар алдағы жұмыс барысында ескерілетіні жеткізілді.

Одан кейін партия мүшелері мен қоғам қайраткерлері сөз алып, Конституциялық реформаның жекелеген қырлары төңірегінде өз пікірлерін сарапқа салды. Талқылау ашық форматта өтіп, бірқатар ұсыныстар сараланды.

– Жаңа Конституция жобасы

– Мемлекет басшысы бастаған саяси реформалардың қисынды әрі көптен күткен жалғасы. Әсіресе, қоғамда дәстүрлі құндылықтарды нақтылау, азаматтық қоғам институттарының рөлін күшейту және басқару жүйесін ықшамдау бағытындағы өзгерістер партия ұстанымымен толық үндеседі. Жаңа редакцияда неке ұғымының ер мен әйелдің одағы ретінде нақты бекітілуі – қоғамның рухани тұтастығын сақтауға бағытталған маңызды қадам. Біз дәстүрлі құндылықтарды қорғауды мемлекет-

тің тұрақты дамуының негізі деп санаймыз. Сонымен қатар, қоғамдық кеңестердің ықпалының артуы, азаматтық қоғамның шешім қабылдау үдерісіне тартылуы – елді басқарудағы жауапкершілікті күшейтеді, – деді қалалық мәслихаттың депутаты Марат Түсіпов.

Жиында қоғам қайраткері, ауыл шаруашылығы саласының білгірі Никанбай Омарханов та өз көзқарасын білдіріп, Конституциялық реформаның ұлттық мазмұнына айрықша тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі өзгерістер елдің

саяси тұрғыдан кемелденгенін, өз тағдырын өзі айқындай алатын деңгейге жеткенін аңғартады.

– Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрамында 130-ға жуық мүше болды, барлығы – өз еліміздің азаматтары. Бұл – отыз жыл ішінде мемлекет ретінде толық қалыптасқанымыздың айқын белгісі. Әрине, өзге елдердің тәжірибесін ескеру қажет, бірақ ұлттық ұстын мен елдік ұстаным өз өзгін жоғалтпауы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституция жобасы заман талабына сай, қоғам сұранысына жауап береді. Конституциялық реформаға төрт мыңнан астам ұсыныс пен өтініштің келіп түсуі – реформаның жабық емес, ашық түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді, – деді Никанбай Иманғалиұлы.

Сондай-ақ, жиында әскери қайраткер, запастағы полковник Амангелді Жантасов Конституциялық реформаның ел қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастыққа қатысты өз көзқарасын білдірді.

«Конституция төңірегінде сұрақтар жоқ емес, бар. Бұл – заңды. Қазір осы өзгерістерді кәсіби заңгерлер мен тәжірибелі мамандар кеңінен талқылап жатыр. Десе де, ең маңыздысы – Конституция қабылданғаннан кейін оның нормалары қоғамда нақты көрініс табуы керек.

Кеңейтілген отырыс соңында партияның өңірлік ұйымының дамуына белсенді атсалысып жүрген партия бекенділері мен бастауыш ұйым өкілдерінің еңбегі еселеніп, арнайы төсбелгілермен және Алғыс хаттармен марапатталды.

• КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Саясаттың жаңа кезеңі

Жастар – кез келген қоғамның стратегиялық капиталы. Ал, конституциялық реформа сол капиталдың саяси және азаматтық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды кезеңге айналды. Білік тармақтарының тепе-теңдігін күшейту, Конституциялық соттың құрылуы, саяси қатысу мүмкіндігінің кеңеюі – мұның барлығы жастардың құқықтық белсенділігі мен қоғамдық рөлін жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Осы өзгерістердің мәні мен жастарға әсері туралы Бұқар жырау ауданының жастар ресурстық орталығының басшысы Ернат Әбутаев сұхбат берген болатын.

– Конституциялық реформа ел басқару жүйесінде қандай нақты өзгерістер әкеледі деп ойлайсыз?

– Бұл реформа, ең алдымен, білік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті күшейтеді. Парламенттің рөлі артып, заң шығару процесіндегі ықпалы кеңейді. Президент өкілеттігінің бір бөлігі қайта бөлініп, саяси жауапкершілік жүйесі нақтыланды. Бұл – суперпрезиденттік модельден ықпалды Парламенті бар президенттік басқару формасына көшуге жасалған қадам. Жалпы, Қазақстан Республикасының Конституциясы аясындағы өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін кезең-кезеңімен жаңғыртуға бағытталған. Ең бастысы, жастардың саяси қатысу мүмкіндігінің кеңеюі. Партия құру талаптарының жеңілдеуі, аралас сайлау жүйесінің енгізілуі, бірмандаттық округтердің пайда болуы жастарға өз кандидатурасын ұсынуға немесе қоғамдық бастамаларға белсенді араласуға жол ашты. Бұрын саяси процестерге араласу белгілі бір деңгейде шектеулі болса, енді құқықтық алаң кеңейді. Бұл – жастардың өзін қоғамның толыққанды субъектісі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

– Конституциялық өзгерістер жастардың қоғамдық және саяси белсенділігіне қалай әсер етеді?

– Жаңа мүмкіндіктер берілген сайын азаматтық жауапкершілік те артады. Жастар енді тек бақылаушы емес, өзгерістердің белсенді қатысушысы бола алады. Қоғамдық кеңестерге қатысу, волонтерлік қозғалыстар, әлеуметтік жобалар, сайлау процестеріне араласу – осының бәрі саяси мәдениетті қалыптастырады. Белсенділік бір күнде пайда болмайды, бірақ, құқықтық негіз қаланғанда ол біртіндеп арта түседі. Жастардың көпшілігі өзгерістер туралы ақпаратты әлеуметтік желі арқылы алады, бірақ, құқықтық мазмұнын терең талдай бермейді. Сондықтан, мектеп пен жоғары оқу орындарында құқықтық сауаттылықты күшейту, түсіндіру жұмыстарын арттыру маңызды. Әсіресе, ауыл жастары мен қала жастары арасындағы ақпаратқа қолжетімділік айырмашылығын азайту қажет.



дың қоғамдық және саяси белсенділігіне қалай әсер етеді?

– Жаңа мүмкіндіктер берілген сайын азаматтық жауапкершілік те артады. Жастар енді тек бақылаушы емес, өзгерістердің белсенді қатысушысы бола алады. Қоғамдық кеңестерге қатысу, волонтерлік қозғалыстар, әлеуметтік жобалар, сайлау процестеріне араласу – осының бәрі саяси мәдениетті қалыптастырады. Белсенділік бір күнде пайда болмайды, бірақ, құқықтық негіз қаланғанда ол біртіндеп арта түседі. Жастардың көпшілігі өзгерістер туралы ақпаратты әлеуметтік желі арқылы алады, бірақ, құқықтық мазмұнын терең талдай бермейді. Сондықтан, мектеп пен жоғары оқу орындарында құқықтық сауаттылықты күшейту, түсіндіру жұмыстарын арттыру маңызды. Әсіресе, ауыл жастары мен қала жастары арасындағы ақпаратқа қолжетімділік айырмашылығын азайту қажет.

Әділ іріктеу, тиімді басқару

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, кәсіби әрі адал мемлекеттік аппарат қалыптастыру мәселесін басты басымдықтардың бірі ретінде айқындап келеді. Президент бастамасымен мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесі жаңартылып, ашықтық, әділдік және меритократия қағидаттары енгізілді.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы реформалардың нәтижесінде Балқаш қаласындағы мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің бас маманы Ақмаржан Серікберлі мемлекеттік қызмет саласында еңбек етуде. Ол 2020 жылы әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектепті тәмамдап, Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алған. 2024 жылы «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қа-

рағанды облысы бойынша департаментінде жұмысын бастаған ол бүгінде 9 айға жуық уақыт табысты қызмет атқарып келеді. Жас маманның қызметі мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға, цифрландыруды дамытуға және халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

– Бүгінгі таңда қоғам мемлекеттік басқарудан тиімділік пен ашықтықты талап етеді. Бұрынғы іріктеу жүйесінде үміткерлердің тек теориялық біліміне мән берілсе, жаңа форматта олардың практикалық қабілеті, құндылықтары мен қоғамға қызмет



етуге деген ынтасы жан-жақты бағаланады. Онлайн іріктеу жүйесі адами факторды азайтып, әділ шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі, – дейді Ақмаржан Нұрдосқызы.

Айта кетейік, Президент саясаты аясында жүзеге асырылып жатқан реформалар мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын арттырып, қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етуде.

БАЛҚАШ

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жүйелі жұмыс – қауіпсіздік кепілі

Бұқар жырау ауданында жылу жүйесін жаңғырту және көктемгі су тасқынының алдын алу бағытындағы жұмыстар қазірден бастап қолға алынды. Аудан әкімі Ерлан Құсайын жұмыс сапары барысында Қушоқы кентіндегі жаңа модульдік қазандықтың құрылысымен және Ғабиден Мұстафин кентіндегі өзен арнасын жарамсыз, қажет емес қалдықтардан босату жұмыстарының барысымен танысты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қушоқы кентінде салынып жатқан модульдік қазандық 1971 жылдан бері пайдаланылып келген ескі жылу көзін алмастыруға арналған. Жаңа нысан кенттің жылумен қамту жүйесін жаңғыртып, оның беріктігін арттыруды көздейді. Қазіргі уақытта ғимараттың металлы конструкциялардан жасалған қаңқасы толық орнатылған. Әрқайсысының қуаты 4 МВт болатын бес қазандық монтаждалып, негізгі технологиялық жабдықтар қойылған. Сонымен қатар, қара отын жағу және күл шығару жүйелерін орнату жұмыстары жүргізілуде.

Мердігерлердің мәліметінше, құрылыс алдағы айларда аяқталады. Бұдан кейін қазандықты сынақ режимінде іске қосады. Жаңа жылу көзінің пайдалануға берілуі жылыту маусымында кент тұрғындары үшін қолайлы әрі тұрақты жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аудан әкімі құрылыс сапасына және мерзімнің сақталуына ерекше назар аударуды тапсырды.

Жұмыс сапары аясында Ерлан Құсайын Ғабиден Мұстафин кентінде де болды. Мұнда көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында қажетсіз кезеңдегі қауіпсіздікті мен уақытша бөгет-үйіндіні тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Өткен жылы Нұра өзені арқылы өтетін жаңа автокөлік көпірі пайда-

лануға беріліп, Теміртауға дейінгі жол айтарлықтай қысқарған болатын. Жаңа көпір іске қосылғаннан кейін бұрынғы жаяу жүргіншілер көпірі бұзылып, оны демонтаждау үшін салынған уақытша нысанды жою қажеттілігі туындады.

Қазіргі таңда жоғарғы қалыптау конструкциялары мен тіректер толық алынып тасталған. Су астындағы бөліктерді бөлшектеу жұмыстары жалғасуда. Мердігер ұйым өкілдерінің айтуынша, тіреуіштердің орналасу тереңдігі шамамен 2,5 метр болғандықтан, жұмыс күрделі жүргізілуде. Дегенмен, барлық қажетті арнайы техникамен қамтамасыз етілген.

Аудан әкімі көктем басталғанға дейін өзен арнасын артық қоқыстан толық тазалап, жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Аудан басшылығының айтуынша, инфрақұрылымдық нысандарды жаңғырту мен табиғи қауіптердің алдын алу шаралары кешенді түрде жалғасады. Жылу жүйесінің жаңартылуы – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталса, өзен арнасын тазарту – көктемгі кезеңдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• МӘМС

Жүйедегі жаңа тетіктер

Облыс аумағындағы емханаларда тіркелген тұрғындардың қажетті консультивтік-диагностикалық қызметтердің толық спектрін бір жерден алуға жағдай жасалуда. Яғни, алғашқы зерттеулерден бастап, қымбат диагностикалық зерттеулерге дейін басқа медициналық ұйымдарға жүгінбей-ақ, тексерістен өтуге толық мүмкіндік бар. Осы бағытта 2026 жылдан бастап, азаматтарға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» туралы заңға бірқатар өзгерістер енгізілген болатын.

Жаңа жылдан бастап, елімізде МӘМС жүйесіне қолжетімділігі бар азаматтар тізімі кеңейтілді. Әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық шұғыл деңгейіндегі D және E санатына жататын тұлғалардың тізімі қалыптастырылып, оны Медициналық сақтандыру қорына жолдайды. Қор бұл азаматтар бойынша МӘМС жарналарының төлеуін тексеріп, тізімді қалыптастырады және оларға «сақтандырылған» мәртебесін береді. Осы азаматтарға медициналық көмек көрсетілгеннен кейін қызмет алушылардың тізімі алынып, ондағы мәліметтер МӘМС жарналарын кейіннен төлеу үшін жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі. Республикамызда мұндай азаматтардың саны 1 миллионды құрайды, ал, біздің облыста шамамен 60 мың адамды құрайды.

Сонымен қатар, ресми түрде тіркелген жұмыссыз азаматтар үшін МӘМС жарналары жергілікті бюджет есебінен төленеді. Осы өзгерістер аясында жүйеде бірқатар маңызды өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, қатарынан 5 жыл бойы жарналарды үздіксіз төлеп келген азаматтар қандайда бір себеппен жарна төлеуді тоқтататын болса, азамат МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекті 6 ай бойы алуға құқылы. Ал, бұрын бұл мерзім 3 айды құраған.

Қаламыздағы №15 емханада тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйелері аясында халыққа медициналық көмек көрсетіп келеді. Бұл модель мемлекеттік сапа стандарттарын сақтай отырып, жеке сектор-



дың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жол ашады.

Медициналық қызметтерді жоспарлау және есептілік қатаң талаптарға сай жүргізіледі. Соның нәтижесінде ем алушыларға медициналық көмек тегін әрі қолжетімді

ұсынылады. Қазіргі таңда емханаға 49 026 тұрғын тіркелген.

– Жаңа жылдан бастап, №15 емханада МӘМС жүйесі арқылы ем алатын азаматтар саны өсті. Еңбек ресурстарының дамыту орталығы әлеуметтік осал топтардың

тізімін белгілеу арқылы МӘМС қорына жеткізіледі. Қор бұл азаматтар бойынша МӘМС жарналарының төлеуін тексеріп оларға арнайы «сақтандырылған» мәртебесін беріп, азаматтарға медициналық көмек көрсетіледі. Алайда,

азаматтың МӘМС қорына жарналар төленбеген болса, бұл ем алушы медициналық көмексіз қалады деген сөз емес. Себебі, мемлекет арқылы бекітілген кепілдік берілген медициналық көмектің көлемі бар, жедел жәрдем немесе белгілі бір жаракат, апат, улану болған жағдайда азаматтың мәртебесіне қарамастан кепілдік берілген көлеммен медициналық көмек алады, – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарастыру бөлімінің басшысы Жанар Оразбайқызы.

№15 емханада МӘМС жүйесі арқылы 2024 жылы 69 шағым тіркеліп, оның 63-і негізді деп табылған. 2025 жылы шағымдардың жалпы саны 37-ге дейін төмендеп, оның ішінде, тек алтауы ғана негізді болған. МӘМС жүйесі арқылы қабылданған шаралар өтініштердің жалпы санын да, негізді шағымдардың үлесін де айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

Мирас ЫБРАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘСЕЛЕ

«Бар малымды шығындап, грант алдым, мінеки»

Жана оқу жылы басталысымен мектеп бітіруші түлектер мен ата-ана арасында «ала-сапыран» басталады. «ҰБТ-дан қалай жоғары балл жинаймын?» деп бала, «баламды қайтсем грантка іліктірем?» деп ата-ана уайымға салынады. Ақыры ақылдаса келе, ҰБТ-ға дайындайтын ақылы курстың біліміне бас қояды.



Соңғы жылдары түлектердің ақылы курстарға жаппай бет бұруы белен алды. Бұл жағдай мемлекеттік білім беру жүйесіне деген сенімнің төмендігі ме, әлде заман талабына сай өзгеріс пе? Ақылы курстың ақысы да арзан емес. Егер онлайн курстан ҰБТ-ға қажетті үш пәнді жеңілдікпен алатын болсаң 40-50 мың теңге. Арнайы ақылы орталыққа оқитын болсаң, онда айына 110-120 мың теңге көлемінде қаражат төлейсің. Ата-ананың қалтасына әжептәуір салмақ.

Облыстың білім басқармасының ресми мәліметі бойынша, 2025-2026 оқу жылында Қарағанды облысында барлығы 420 орта білім беру ұйымы қызмет көрсетуде. Оның ішінде: 404 мемлекеттік мектеп, 15 жекеменшік мектеп, 1 республикалық маңызы бар, халықаралық білім беру бағыты бойынша жұмыс істейтін – Назарбаев Зияткерлік мектебі. Аймақтағы мектеп оқушыларының жалпы саны 175 мыңнан асады. Билығы оқу жылында облысы бойынша 8 573 түлек 11-сыныпты тәмамдайды деп күтілуде. Олардың басым бөлігі – шамамен 80-85%-ы Ұлттық бірыңғай тест тапсыруға ниетті. Қаңтар айындағы Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша ең жоғары балл – 131.

Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сай әр оқушы мектепте жеткілікті деңгейде білім ала алады. Алған білімінің нәтижесінде аралық, тоқсандық бақылау жұмысын, қала берді мемлекеттік емтихан тапсырады. Мектеп мұғалімдерінің ҰБТ-ға дайындауға деңгейі жетпейді деп айтуға да болмайды. ҰБТ басталғаннан карантинге дейінгі аралықта мектеп ұстаздары түлектерді тестке өздері дайындап келді. Пәндік тест сұрақтарының жинағы қазіргі ақылы курстардың орнын алмастырды. Әлемді әбгерге салған КОВИД кезеңіндегі онлайн оқу білім саласына да кесірін тигізбей қоймады. Дәл осы уақыттан басталған «онлайн» білім беру жүйесі оқушыларды ондырмады. Араға екі жыл са-

лып, қалыпты жүйеге оралғанымызбен, сол бір аралықтағы «арақашықтықтағы сабақ» оқушының зейінін оятып, зердесін ашпады. Кері кеткен уақыттың еншісіндегі оқудың орнын толтыру үшін ата-аналар репетитор ұстаз бен ақылы оқу курстарды жағалап кетті. Сол курстарда да сабақ беретін – мектеп ұстаздары. Басым бөлігі қосымша табыс көзі ретінде қызмет жасайды. Оқушы, ата-ана, ұстаз бастаған үштіктің ақылы орталықтарға «орнығуы» білім саласындағы бәсекелестіктің күшеюі ме, әлде, мемлекеттік білім жүйесінің әлсіреуі ме? Осы орайда, бұра тартып мемлекеттік білім жүйесін жақтамай, олай тартып ақылы білім беру орталықтарын дағтамай, жоғарыдағы үштікпен осылардың үстінен қарайтын ресми органның пікірін ортаға салғанды жөн көрдік.

– Балам 11-сыныпты қала басындағы ірі оқу орталығында жалғастыруда. Оқу ақысы жылына 1 миллионнан жоғары. Қазір бәрі – қымбат. Баламның мақсаты, менің арнамым – жоғары оқу орнының грант иегері атану. Алғашқыда сынақ тестте 55 балл алса, қантарда 98 балл алды. Бұл – прогресс бар деген сөз. Төлеп отырған ақшамызға сай, жауапкершілік те жоғары, – дейді Зәуреш Ақылбекова есімді ата-ана.

ҰБТ – түлек үшін маңызды сынақ. Одан сүрінбей өту үшін барын салады. Танертең мектепте білім алса, түстен кейін ақылы орталықтың немесе онлайн курстың біліміне бас қояды. Бос уақыт деген жоқ. Ұйқысы қанбай, қалжыраған балаға білім қалай қонады деп таңғаласын еріксіз.

– Әкем бірден «Егер грантка түспесең, жұмыс жасайсың. Келесі жылы дайындалып, қайта тапсырасың» деді. Қатарластарымнан қалғым келмейді. Барлық пәнді көп жүрмін деп айта алмаймын, бірақ ҰБТ-ға барымды салып дайындалудамын. Оңай емес, ұйқы қанбайды. Мектептегі пән тапсырмаларынан бөлек курс бойынша берілетін тапсырмаларды уақытылы орындап отыруым керек. Ба-

стысы, ата-анамның оқуға төлеген қаражатын ақтасам екен, – деп бір күрсініп алған Айғаным Төлеген курстастарымен топтық тапсырма орындайтындығын айтып, асығыс телефонын қоя салды.

Ата-ана мен баланың басындағы осы мәселені неге мектепте шешпеске, ҰБТ тапсыратын пәндерден қосымша сабақтар ұйымдастыруға болмас па екен деген сұраққа мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары күмілжі жауап берді. «Бұған басты себептің бірі – жанартылған білім бағдарламасы. Жаңа бағдарламаның талабына сай, тақырып түгел қамтылмайды. Оқулықтың әр жерінен 1-2 тапсырма беріледі. Жанартылған білім мазмұны бойынша оқыған оқушының алдынан ҰБТ-да оқулықта дұрыс қамтылмаған тақырыптан сандаған сұрақ келеді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін де ақылы курстарға баратыны сол шығар», – деумен шектелді. «ҰБТ ұпайы мектептің білім беру көрсеткішіне қаншалықты әсерін тигізеді?» деген сұраққа «жанама түрде ғана әсер етеді» деп жауап берді. Нақтысын айтқанда, жанартылған оқу бағдарламасы Ұлттық бірыңғай тестпен сәйкеспейді. Бұл жерде мектеп жаман, курс жақсы деген сөз емес. Мәселе – жүйеде. Мектеп – базалық білім береді, курс – сол базалық білімді баптап, «ұпайға, нәтижеге» айналдырады.

Егер ҰБТ-ға өзгерістер енгізіп, онтайландырмаса, 11-сыныпта түлектері ақылы оқу орындарына кетіп жатса, алғаш қара танытып, қалам ұстатқан мектептердің көк тиындық құны да қалмайды ғой. Ойланатын жағдай!

– «Samga» академиясы ашылған 7 жылдың ішінде биік белестерді бағындырды. Қарағанды қаласындағы «Samga» академиясы – мектеп оқушылары мен студенттерді ҰБТ-ға, емтихандарға

және жоғары оқу орындарына түсуге дайындайтын заманауи білім беру орталығы. Орталық жоғары нәтижелері, әр оқушыға жеке көзқарасы және оқу процесіндегі жан-жақты қолдауының арқасын-

да ата-аналар мен оқушылардың сеніміне ие болды. Академияда кураторлық жүйе жұмыс істейді: әрбір оқушы ҰБТ-ға дайындықты жоспарлау, мотивация және тұрақты қолдау алады. Бұл өз кезегінде жайлы әрі сенімді білім беру ортасын қалыптастырады. Академия ҰБТ-ның жаңа форматын және қазіргі емтихан талаптарын жетік меңгерген тәжірибелі оқытушылар құрамымен жасақталған. Сабақтар шағын топтарда өткізіледі, бұл оқу материалын терең меңгеруге, білімдегі олқылықтарды анықтауға және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқытушылар практикалық бағыттағы әдістерді қолдана отырып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын және білімдеріне деген сенімділігін дамытады. ҰБТ форматына сәйкес тұрақты сынақ тестілеулерін, емтихан тапсырмаларын жан-жақты талдауды, нақты емтихан жағдайларын модельдеуді және нәтижелерді жақсартуға арналған жеке ұсыныстарды қамтиды. Осындай кешенді тәсілдің нәтижесінде «Samga» академиясының түлектері ҰБТ-дан жоғары нәтижелер көрсетіп, Қазақстанның жетекші оқу орындарына оқуға түсуде – дейді, «Samga» академиясы білім беру орталығының директоры Мұрхат Мұратұлы.

Ақылы білім беру орталығы басшысының пікірі орынды дегенімізбен, мемлекеттік білім беру жүйесіндегі артықшылықтарды да жомқа шығара алмаймыз.

– Ақылы білім беру қызметін көрсететін орталықтар, оның ішінде ҰБТ-ға даярлау бағытында жұмыс істейтін ұйымдар мемлекеттік білім беру жүйесіне кірмейді. Аталған ұйымдардың қызметі жеке кәсіпкерлік негізде жүзеге асырылады және кәсіпкерлік саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес реттеледі. Ата-аналар мен білім алушылар тарапынан ақылы білім беру қызметтеріне деген қызығушылықтың артуын, ең алдымен, білім сапасына қойылатын талаптардың күшеюі, сондай-ақ, әсіресе бітіруші сынып оқушыларының қосымша дайындыққа ұмтылысы ретінде қарастыру қажет. Бұл ретте мемлекеттік білім беру жүйесі өз қызметінің негізгі бағыттарын сақтай отырып, білім алушыларға базалық және міндетті білім беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ, қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындалу үшін қажетті жағдайлар жасайды. Осылайша, ақылы білім беру қызметтерінің дамуы мемлекеттік білім беру жүйесінің әлсіреуінің белгісі болып табылмайды. Керісінше, ата-аналар мен білім алушылардың білім беру нәтижелерін жақсарту мақсатында түрлі мүмкіндіктерді пайдаланатын бәсекеге қабілетті білім беру ортасының қалыптасуын көрсетеді, – дейді облыстық білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта және арнайы білім беру бөлімі басшысының міндетін атқарушы Құндыз Мұхамеджан.

Сонда сапалы білім сатыла ма? Әлде, ата-ана мен мектеп түлектерінің «Бар малымды шығындап, грант алдым, мінеки» деп масайрауы дағдылы өмір салтына айналып үлгерді ме?

Сағыныш ӘБІЛ

• СЕМИНАР

Әке беделі биік болуы тиіс

Шахтинск қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп-лицейде «Отбасындағы әкенің орны, дәстүр мен заманауи көзқарас» тақырыбында қалалық семинар өтіп, оған облыстық Әкелер кеңесінің төрағасы Жақыпбек Әнуарбеков, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова арнайы келіп қатысты.



Erzhan IMASH, «Ortalyq Qazaqstan»

Қалалық семинардың мұнда өтуі тегін емес. Өйткені өткен жылдың күзінде Шахтинск қаласының алғашқы Әкелер кеңесі осы мектеп-лицейде құрылып, оның құрамына кірген 93 әке содан бері аталған оқу орны басшылығы және ұжымымен бірлескен түрде бала тәрбиесіне араласып, бірталай жұмыстар тындырған болатын. Мәселен, олардың ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушылары арасында шахматтан өткізілген мектепшілік турнир жеткіншектердің есінде қалып, оның дипломдары мен бағалы сыйлықтарын сатып алуға ақшаны да осы әкелері өз қалтасынан шығарған. Енді қаланың басқа да 11 мектебінде осындай Әкелер кеңесін құру қолға алынууда.

Негізі, еліміздің болашағы жас ұрпақтың саналы, жан-жақты дамыған азамат болып өсуінде Әкенің орны ерекше. Қоғамдық өмірде, әсіресе, қазақ халқында қашаннан әке отбасының тірегі, қамқоршы асыраушысы ғана емес, барлық шаруа оның бұйрығы және келісімімен шешіліп келген. Шанырақтың ұйытқысы болған ақылды аналарымыз да оның қанбағын бағып, ойын емеуірінінен танып, соған қарай ұлдары да әкеге, қыздары шешеге қарап өскен. Қазекемнің «Әке тұрып, ұл сөйлегеннен без» деген сөздері оның алдында тәртіп сақтап, оғаш қылық жасамауды білдірсе, «Әке қарғысы – оқ» дейтіні тәрбиеге көнбей, әбден шектен шыққан баласына айтылған қатал үкім іспетті.

Солайша әке айбарынан сескеніп, оның ықпалын сезінбеген баладан ертең жақсы азамат шыға қоюы да неғайбыл-ау...

– Міне, осы олқылықтың орнын толтырып, жалпы қоғамда, соның ішінде, отбасында әке беделін қалпына келтіріп, одан әрі биіктеу мақсатында республикамыздан бастап облыстарда, қалаларымыз бен аудандарымызда құрылып жатқан Әкелер кеңестерінің көздейтіні де осы, – дейді Шахтинск қалалық Әкелер кеңесінің төрағасы, қалалық мәслихаттың депутаты Аманжол Тілеубек. – Соның

нәтижесінде «Әке – бала – мектеп» үштік одағы қалыптасып, берік негізде жұмыс істейді деп ойлаймын.

Бұл семинарда сөйлеген Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова, облыстық Әкелер кеңесінің төрағасы Жақыпбек Әнуарбеков, Шахтинск қалалық Әкелер кеңесінің төрағасы Аманжол Тілеубек, Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп-лицейдің директоры Манат Аққұлова, тағы басқаларының ой-пікірлері осыған келіп сайып, бір арнаға тоғысты. Олардың бәрі де бүгінде әке мәртебесін көтеріп, олардың ақылы мен тәжірибесін өскелең ұрпақ тәрбиесінде қолданудың маңызы зорлығын, оның жемісті нәтиже беретінін атап өтті.

Аталған басқосу әкенің отбасы, бала тәрбиесіндегі үлгі-өнегесін дәріптеу ғана емес, мектеп-лицейдің «Жыл үздігі» атанған жас спортшыларын марапаттауға да ұласты. Балғын спортшылардың бұл жетістіктерінде, әлбетте, олардың әкелері мен тәжірибесін өскелең ұрпақ тәрбиесінде қолданудың маңызы зорлығын, оның жемісті нәтиже беретінін атап өтті.

«Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, осы оқушыларға сабақ беріп, дүбірлі додаларға дайындаған жас ұстаздары да елеусіз қалмай, Ай-нағұл Нави «Жыл мұғалімі», Тұрсын Елік «Үздік денешынықтыру мұғалімі» атанып, оларға да осындай сый-құрмет көрсетілді.

Отбасындағы әкенің балаға қандай тәрбие беріп, қандай үлгі-өнеге танытатынын осы мектептің «Үздік спортшысы» атанған Аяулым Оспанованың мысалынан көруге болады. Ол бокстан жасөспірімдер арасында Қазақстанның үш дүркін, Азияның екі дүркін чемпионы болса, оны жасынан осы спорт түріне баулып, осы күнге дейін жаттықтырып жүрген әкесі Жеңіс Оспанов екенін айтуымыз керек. Ендеше қай әке болмасын ұрпақ алдындағы жауапкершілігін ұмытпай, баласының болашағын ойлап, оның тәрбиесіне немқұрайды қарамаса, ертеңгі күні елімізге тірек болар ұл-қыздарымыздың өсіп-жетілері күмәнсіз.

ШАХТИНСК

Сурет ұйымдастырушылардан

Жаңа тренд: экотуризм мүмкіндіктері

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоба шеңберінде аумақты кешенді абаттандыру көзделген. Атап айтқанда, спорттық және балалар алаңын салу, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы нысандарды орналастыру, жаяу жүргіншілер маршруттары мен рекреациялық аймақтарды қалыптастыру жоспарланған. Сонымен қатар, орналастыру нысандарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін инженерлік инфрақұрылым жүргізіледі. Инвестициялық жоба нысандарына қолжетімділік ұлттық табиғи парк аумағындағы бақылау-өткізу пункті арқылы жүзеге асырылып, белгіленген өткізу тәртібі мен табиғатты қорғау талаптары қатаң сақталатын болады, – деді Қарқаралы мемлекеттік

ұлттық табиғи паркінің директоры Руслан Төлепбаев.

Сонымен қатар, «Самал» көлі маңында жалпы ауданы 1 гектарды қамтитын Қарқаралы орманшылығы аумағындағы жалпы көлемі 1 гектар болатын эко-қонақүй салу көзделген. Бұдан бөлек, Қарқаралы орманшылығы аумағындағы «Комиссаровка» сайында жалпы ауданы 1,16 гектарды құрайтын эко-қонақүйдің құрылысын жүргізуге арналған жұмыс уақытесі ұсынылып отыр. Руслан Төлепбаев кәсіпкерлер тарапынан қызығушылық танытып, нақты инвестициялық жоба ұсынған жағдайда қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес конкурс жарияланатынын жеткізді. Әрі конкурс қорытындысы шыққаннан кейін жобалық-сме-

талық құжатты әзірлеуге бір жыл, ал, нысанды салу жұмыстарына екі жыл мерзім берілетінін атап өтті.

Қарқаралы ұлттық табиғи паркі аумағында визит-орталық та бой көтереді. Қазіргі уақытта туризмді дамытудың кешенді тұжырымдамасы әзірленіп, оның аясында визит-орталық салу жобасы қарастырылған. Жобаны іске асыру үшін шамамен 200 млн теңге қажет. Егер аталған орталық іске қосылса, туристерді қабылдау сапасы артып, ақпараттық қызмет пен экологиялық ағартушылық күшейеді деп күтілуде. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындары да ашылып, өңір экономикасындағы экотуризм үлесі әлдеқайда өседі дейді мамандар.

Қарқаралы ұлттық табиғи

паркінің аумағында, Тасбұлақ шатқалында орналасқан Табиғат мұражайы 1987 жылы салынған. Екі қабатты ағаш ғимаратта емдік шоптер, фауна экспозициясы және демалыс бөлмесі бар көрме залдары орналасқан. Қазіргі уақытта келушілердің қызығушылығын арттыру мақсатында мұражайды заманауи технологиялармен жаңғырту жоспарлануда. Әуелі ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Жөндеу жұмыстарынан кейін жаңадан интерактивті және мультимедиялық аймақ құрылады деп күтілуде. Одан бөлек, жаңа тақырыптық залдар да ашылмақ.

– Туристік және рекреациялық қызметті ұйымдастыру ережелеріне енгізілген өзгерістер жер учаскелерін беру тәртібі ай-

қын. Енді тендерлер өткізу рәсімі нақты рәсімделіп, жер учаскелерін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді пайдалануға беру тәртібі толықтай регламенттелді. Бұл инвесторлар үшін шарттардың ашық, болжамды әрі сенімді болуын қамтамасыз етеді.

– Жобаларды іске асыру кезінде әкімшілік және құқықтық кедергілер азаяды. Инженерлік коммуникацияларға қосылу жеңілдейді. Сонымен қатар, жобаларды дайындау және іске қосу мерзімдері қысқартылады. Мұның бәрі инвесторлардың мүдделерін қорғауға, құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Руслан Төлепбаев.

Мұражай аумағында жалпы көлемі 82 гектарды қамтитын зо-

ологиялық қоршау орнатылған. Онда қазір бизондар мен маралдар бар. Алдағы уақытта бұл жаққа да азды-көпті өзгерістер енгізілмек. Яғни, жабайы жануарлардың мекен ететін ортасына барынша заманауи жағдай жасау көзделген. Келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында туристік инфрақұрылымды дамыту да көзделіп отыр. Атап айтқанда, бақылау алаңдары, күннен қорғайтын жабдықтар, ақпараттық стендтер мен QR-кодтар орнатылады. Бұл бастамалар экскурсиялық қызметтің сапасын арттырып қана қоймай, келушілерге ыңғайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді деп отыр мамандар.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Тынысында тылсымның күбірі бар

Ерсін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мынау елге жақпай қойды
мінезім,
Болсам-дағы жомарт әрі
мәрт көңіл.
Дүниеден дәметпейтін үлесін –
Ақындықты түсінбейді
шалт өмір.

Жұмыр басым жарылғалы
жүр менің,
Жығылмасым бесенеден
белгілі.
Алқымыма жармасады
кім менің,
Оны тірлік көрсетеді ендігі.

Қаламдас бауыр, талантты
ақын Ерқанат Кеңесбекұлы ту-
ралы ештеңе жазбай-ақ, осы екі
шумақ өлеңін бере салса да болар
еді. Оның бойындағы адалдық,
табандылық, жасандылыққа төз-
бейтін шалт мінез, шақар бол-
мысын осы өлеңінен танып алар
едіңіз. Қоңыр өлеңнің отын үрлеп,
қоңырқай тірлік кешкен ақындар
қауымының өкілі бола тұра, тыны-
сында – тылсымның үні, бойында
аксүйектік бар. Әлем-жәлем орта
мен алабажақ тірліктің арзан күл-
кі, шала-шарпы шаттығынан саяқ
жүреді. Кірпияздығы шығар...
Жақсы, кірпияз дейік, бірақ,
кісікіиік емес. Қашан көрсен де, оң
қолын жүрегінің тұсына қойып,
іліпатынан жаңылмайтын ірілігі
және бар.

Қадірлес болғанымызға қан-
ша болғаны есімде жоқ, қаламдас
болғанымызға көп бола қоймапты.
Бір ұжымда қызмет етеміз. Мен
– басып, ол – қосшы емес, мен –

аға, ол – іні. Осы сыйластығымыз-
ға Ерқанат бауырдың кішіпейіл-
ділігі мен бекзат болмысы қалқан
болып тұр.

Жанының тазалығы сонша,
мына өлеңіндегі:
Кеудесінде құндақталған
намысы,
Көкірегінде – ұжмақ күндер,
таң ісі.

Сендік жүрек – жүрек емес
кәдімгі
Үілдеген нәрестенің дауысы,
– деген шумағының үшінші жо-
лын «Сендік жүрек» емес, «Мен-
дік жүрек» деп жазса, мен иланар
едім, жұрт мақұлдар еді.

Ерқанаттың кең пейіл, келісті
келбеті, қайсар да, қаймақтай ұяң
болмысы – көп ақынның, қаншама
қайраткердің бойынан табыла бер-
мейтін қасиеттер. Өлеңіне азық
болар білімі, өміріне қазық бо-
лар қабілет-қасиеті бола тұра, біз
оның бәзбіреулер секілді «Мен –
ақынмын!» деп кеуде соғып, жөн-
сіз кимелегенін көрмеппіз. Кешегі
2000 жылдары облыстық радиода
марқұм Базар Мамыр жүргізген
«Жауказын» балалар хабарында
балауса жырларын оқып отырған
бала Ерқанаттың боямасыз бей-
күнә болмысы сол күйі сақталып
қалғандай. Тек қана өлендері
өресін асқақтатып, ойлы арнаға
ойысқаны болмаса, періште пейі-
лі перделенбеген. Сондығынан
ол маған бірден ержетіп туғандай
көрінеді.

Ол – экспериментал ақын.
Өмірдің өзі – сынақ алаңы ғой.



Табиғаттың заңы да, шариғаттың
шарты да солай дейді. Тұла бо-
йымен таза жүрекке, парасат-пей-
ілімімен періштеге айналып кеткен
Ерқанат өмірдің өзін біз бен сізден
басқаша қабылдайтын сияқты.
Оның поэзиясындағы тың тақы-
рып, терең ой, соны стиль мен
тылсымға бейім тынысы өлең-
дерінің көшелі көркемдігіне нұқ-
сан келтіріп тұрған жоқ. Сонда да,
Ерқанаттың жүрек жазбаларын
ормандай оқырманның барлығы
бірдей қабылдай бермейді-ау деп

қынжылып қаламыз. 1990-2000
жылдары айтқы өнерінің көрігін
қыздырып, көшін бастаған талант-
ты ақын Бекжан Әшірбаевтың
айтысқа интеллектуалдық сипат
алып келгені естеріңізде болар.
Сол Бекжан ақынның астарлы ой,
тұңғыық иірімдері туралы айтыс-
тың абызы Жүрсін Ерманның:
«Бекжанның дүйсенбіде айтқанын
бейсенбіде түсінеміз», – дегені бар
еді. Сол айтқандай-ақ, Ерқанатты
бүтін қабылдамаған оқырман, ер-
тең жатқа оқитын болады. Оған

еш күмәнім жоқ. Өзі де – сенімді.

Бірде:
Сәттерінен бәсіре алмас,
Қайран шағым аз ба осы?
Ғасырлар да өшіре алмас,
Жүрегімнің жазбасы, – деп
шамырқанған шабыт иесі енді бір
сәтте күмән жетегінде күбірлей
қалады:
Ойласа бәрі өстіп ойласының,
Айқайдан әлем шаршаған.
Осы жырымды естіп
қоймасыншы

Түсінбей жүрген қанша адам.
Ішкі әлемінің күйзелісі де,
жүректің шері мен көңілдің қу-
анышы да іркілссіз сыртқа
шыққанда өлеңнің өлшемдеріне
бағынбай кететіні бар. Ал, Ерка-
нат жырларының әсерлі әуезі мен
теңіз толқынындай ырғағы өлең
боп өрілген өмірге айналып, түй-
сігінің түндігін жеңіл желпіді.
Лирикалық иірімдері мен эпи-
калық қуаты тылсым әлеммен
үндесе отырып, бір кезде өзің
де автормен бірге тыныстап, бір
әлемге айналып кеткенінді сезбей
де қаласың. Онымен бірге ғашық
болып, онымен бірге Ар сотына
жүтініп отырасың.

Міне, Ерқанат әлемінің әлеуеті
– осында!

...Жә, поэзия талдайтындай
әдебиет сыншысы емеспін ғой.
Одан да Ерқанат бауырдың ең-
беккорлығын, қаламға адалдығын,
кісілік келбеті мен боямасыз бол-
мысын сөз етелік...

Иә, ол – еңбеккор. Газет-
тің жетекші саласы экономика,
өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы
бөлімінің жауынгері. Жұмысқа
ерте келіп, кеш қайтатын журна-

листі қай редактор жек көрсін?!
Редакцияда тапсырманы көп ала-
тын да және тап-тұйнақтай етіп
орындайтын да – Ерқанат. Газет-
тің әр санының салмағын еселеп
тұрған сала-құлаш сараптама
дейсіз бе, тамырлы талдама дейсіз
бе, бәрінің авторы – Ерқанат. Бұл –
басқа әріптестердің еңбегін жокқа
шығару емес, жауынгер сала же-
текшісінің еңбегін бағалау. Оның
жанр талғамайтын жорғалығы
тағы бар.

Ара-тұра кабинетіне бас сұға-
мын. Оған бекітілген компьютер
пернетақтасының да жаны сірі
екен. Дамыл таппайды. Кейде
Ерқанаттың өзіне де, компьютері-
не де жаным ашып кетеді. Тапсыр-
маны төпелетіп беріп, көкелетіп
талап етеміз деп жүргенде, қанша
өленді өлтіріп алдық екен?..

Кезекті тапсырманы қабылдап
тұрып: «Жақсы, ағажан» дейді. Бі-
рақ, жалт еткен жанарынан:
Қаны тамған жырымды
жерлеймін бе жүрекке?
Кешіргейсіз мұнымды,
есіркейсіз бір ретке, – деген
жыр жолдарын оқимын. Қайтей-
ін?!

...Қазақстан Жазушылар ода-
ғының мүшесі, Халықаралық
«Шабыт» фестивалінің дипломан-
ты, TURKSOY ұйымының 30
жылдығы төсбелгісінің иегері
Ерқанат Кеңесбекұлы «қамал бұ-
зар» қылш жастың қыратына
сан қырлы талантымен көтеріліп
отыр. Бүгінгі мерейлі сәтінде аға-
ның бауырағ деген сүбелі сөз, сы-
бағалы сыйы осы болсын...

Қаламың мұқалмасың, қанат-
ты қалам, қайсар болмыс иесі!

• ПОЭЗИЯ

«Менің ғазиз ғұмырымды жырларымнан іздегін...»

ЖҮРЕК ЖАЗБАСЫ

Сәттерінен бәсіре алмас,
Қайран шағым аз ба осы?
Ғасырлар да өшіре алмас,
Жүрегімнің жазбасы.

Көксеген де армандаған
Бейнем осы көшелі.
Мөрдей қылып таңбалаған.
Күлік күндер кешегі.

Кілт бөгедім күдігімді.
Үмітімді үзбедім.
Менің ғазиз ғұмырымды,
Жырларымнан іздегін.

Төзімменен, өзімменен,
Жақындадым жырақтап.
Самал желдей сезімменен
Тағдыр кештім: тұрақтап.

Биіктерім желі жорға,
Сендерді мен сағымдым.
Жерім барда, елім барда
Жамылмайды жаным мүң!

«Не тапсам да ниеттен» деп.
Еш кетпеді еңбегім.
Кенеуіме кенеттен кеп
Бейіш болды көргенім.

Болаттай боп балқығаным
Қадірімді қарайтпай.
Сабырымды сарқымадым.
Қалыбымды жоғалтпай.

Қаз тоқтамас қазанатың:
Ер қазағым, өзің барсың.
Саған ұрпақ аманатым.
Ізім қалсын, сөзім қалсын!

ЖЫРЛАР МЕН ЖЫЛДАР

Омыртқасы он бөлек –
жылдарымның сәбісі.
Ескерсе егер ел демек,
жырларымның дәс күші.

Жазбаханам қанырап,
күл-күл болды ошағы.
Ақжүрегім аңырап:
ақбөкендей жосады.

Жырлар, жылдар қайрылып,
адамнан да ақылды.
Айран таң қып майырылып,
терең ойға батырды.

Мінезі тік ұлын ем:
жылдар етті емнендей.
Тым өзгемін бүгін мен,
кете бердім тереңдей.

Назданғаным намаздай
Қабыл болып кетеді.
Өлең бітіп ол аздай:
лағыл болып жетеді.

Қамдануым қажет-ақ,
Жылдар жейді жанымды.
Өлендерім өжет-ақ,
Еселейтін бағымды.

Қаусаған қарт көкірек,
тағдырымнан деймін мен.
Ал, жырларым жетімек –
жан нұрыманн деймін мен.

Тауысқансып төзімді,
жылдар қашып жатады.
Мен емес-ау өзімді
жырлар жазып жатады.

Сіңіп кеткен мың жылға,
Арман, арман, арман-ай.
Қазық болған бір жырға
Елең-алаң жалған-ай!

ӘКЕ

Бұйығы күн кешетін,
қайран менің қарт әкем.
Жүрегімді сезетін,
есіл жаның жалқы екен.

Әр күнінді там-тұмдап,
тірнектеген асқарым.
Албарың да –
алтын бак,

аяқталмас дастаным.

Қартаймағын әкешім,
салма мені сарсаң ғып.
Ғұмырымның қатесін –
кеше салар дарқандық.

Өлместіктің дәрісін,
саған тауып берейін.
«Әкем, әкем, әкем!» деп:
бүлкілдеп тұр көмейім.

Қасыңа кеп жайландым.
Көз алдымда –
суретін.
Қасиетіңнен айналдым,
ілуде бір күлетін...

СӘКІШКЕ

Секундтардың сыбыры,
кідіріссіз күндер-ай.
Күйкі тірлік күбірі
миығынан күлген –
Ай.

Қар қонақтап иыққа,
сұрамайды ол менен.
Сапарым –
жерұйықта, –
дұдамалдау жолменен.

Кеше тірі болған ем:
бүгін өліп барамын.
Мойын бұрып сонда әрең,
Жәудіредің қарағым!

Жүрек тоқтап қалады оқыс.
Алмасса да күз бен қыс.
Уақыт деген –
парадокс
Бақыт деген –
Сіз бен Біз.

САЛТАНАТ

Шашынның иіскедім тозаңын да.
Сен барсың ғажабымда, азабымда.
Салтанат сені сүйіп үлгеріпін,
Тоғыз күндік жалғанның тозағында!

Өзіме баурап алып, қаратқаным.
Атыңды қайталадым алапқа мың.
Кетпейтін дәулет сыйлап
болмысыңа,
өшпейтін есім берген
жаратқаным!

Кез болса жүрегіңнен жырақтаған,
мен саған шақырымнан
сыр ақтарам.
Ғажайып ғұмырымның Салтанаты
бұл тағдыр кімді құздан
құлатпаған...

Аунатып жанарыңнан
жалғанды әрман.
Көркіңе жан бар ма әсте
таңданбаған.
Қабылтып ерендерді өз мұңыңа:
мендік жыр менен көшіп,
саған қалған!

Жүргендей зипа тұлған
нұрға шомып.
Жан едім сөзге сараң,
сырға берік.
Өзінді жоғалтып ап,
алдым тауып,
жырымды жетім қалған
тыңда келіп...

Ығында есім жиып мәңгі
ызғардың.

Уақытқа қақпақылдар
қарыздармын.
Арманым адастырып айдалаға,
Жаным-ай,
мен қайыра жалғыз қалдым!

Қарасам,
тұтылып тұр аспан әлі...
Рәуішті аяқталмас дастан әрі.
Азадай мәрсиялы тұнжыраумен,
білмедім қандай күнім басталады.

Тәттісін шекер шактың
татып ең кіл.
Сен мендік махаббаттың
атымен жүр.
Сал-дағы сан сарсаңға
қызғаныштан,

ал-дағы ақиқатты
атып өлтір!

Ілімпаз секілденген ілгерідегі.
Тергейді жұлып жеумен
күндер мені.
Ғасырым қателесіп келсе-дағы,
жасырын мұңымың сен
гүлдердегі.

Еңісте еліктей боп егілсе күн.
Бұл күн де бағы ма еді сенің,
менің.
Тәкаппар қалыпқа еніп
былайғы елге,

Жүректе жалғызсырап
жетім сезім.

Бақыт кеп екеуіміз де күлдік лекіп.
Біріміз бірімізден үздік кетіп,
Жарығым,
кетем бір күн көз алдыңнан,
Мәні жоқ мәңгілікке
сүңгіп кетіп!..

Алаулап менсіз, шіркін,
бір күн әріден.
Шарқ ұрып іздерсің бе,
жұлқынар ма ең.
Өйтеуір, жан жылуын
сыйлағанмен,

Бұл жырым сенен өзге
кімге жәрдем?!

Түйсігің сәуегейдей білгір еді.
Қабағың найзағайдай күркіреді.
Күнәмді жіпке тізіп жүргенінде,
жаңбырың жанымға ауып
сілбіледі.

Мен сені еркелетем
«қарағым» деп.
Тұрады тап көзіме қарағың кеп.
Бір басым баршасына
міндеткерсің,

Ал, былай,
сұрауым жоқ,
обалым жоқ!

Соңынан сұқсыр күннің
қалыс қалмай.
Жүремін аласұрып арыстандай.
Керексіз еткенінде шашылармын,
Шабылған басы шөптей
арыстардай...

Сыр іздеп сыралғыдай
жанарымның,
Қабылдың сары мұңға
қарағым мың.
Құлдилап шынырауға
кетсем бір күн,
Жарығым,
таба қылмай,
тоба қылғын.

Көз талар көкжиекке жол алғасын.
Сөңдірдім сартап мұңның
қоламтасын,
Салтанат, түсінеміз:
шерленеміз,

бір қате,
мың қатемен оңалмасын...

Назың да құстай болып
ұшты маған.
Алқынып жазғытұры қыс құлаған.
Кембағал тіршілікке қайран

қалам,
Көз емес бұла күнде
рух жылаған.

Момындай бүк түсерлік
зынданында,
мұндайда табылады кім жанымда.
Бөлеп ап бейішіне кетсеңші алып,
Еріні
құшағыңның
құндағында!

«ӨЛГЕН ЖҮРЕК»

Дүниенің төрт бұрышы –
төрт тарап.
Төртеуі де бықсып жанған –
өрт-танап.
Ғарыштағы ардың соты бір бөлек,
Бұл жақта да –
жүрегімді соттамақ!

Жанарымнан қан боп аққан
мұң әні:

Есіл жаным күнәсіз
һәм күнәлі.
Езуімді тіледі әлі есіріп!
мендік жүрек
соққаны үшін кінәлі!

Бір райхан қыз маңдайымды
сүртті кеп.

Мына қоғам зәһәр-зәрін
бүркті кеп!

Жүрегімді
әлсін-әлсін «өлтірді»,
қаламының ұшыменен
түрткілеп!

Уа, құбыла, құбыла!
Сәл жымышы ұлыңа!
Асау жүрек ақырғы рет алқынып,
тағы бір рет тиді елдің жынына!

Бір басыма үйіп-төгіп кінәні,
мына жақтың таусылмады сұрағы!
Ардың соты қоңырауын қаққанша
«Өлген жүрек»
өмір сүре тұрады!

АМАНАТ

Естілсе «әке» деген
үнің керім.
Бұл менің –
екі қайта тірілгенім.
Арафат сені есімнен кілт шығарсам,
Оң қолым сал боп қалсын,
ұлым менің.

Тіршілік бір жымияр түбі бізге.
Қайрылып құбадүмбіл

үнімізге.
Ұлым-ау,
ұлы күндер күтер сені,
Үміт үзбе!

Жатпаса кей шақтарда
көмегі үдеп.
Жақынның қай дәуірде ерсің жоқ.
Қалтаңа баса салғын мұны:
«Әкемнің
пышаққа сап боларлық өлеңі»
деп!

СУРЕТПЕН СҰХБАТ

Барлығын да қойған әлем
мүмкін ғып.
Кеше. Бүгін.
Болған шығар бір сұмдық.
Сенің одан құтылғаның алдымен,
Жағдаяттың жарлығы деп
күрсіндік.

Ғұмыр бәрін жібермепті
қыршын ғып.
Өйткені оған қарсы тұрды
бір шындық.
Біздің ғазиз ғұмырымыз хақында
Кездейсоқтық деп айтуға
іркілдік.

Бұл қауымның суретінің ішінде
Тұр екенмін
сәл жұмбақтау пішінде.
Ешбір уақыт
ешкімге де ұқсамай
Бейнем әлгі –
беймәлімдеу мүсінде.

Мына қағаз –
сол кездердің дәйегі.
Болмысымыз өң-түсіміз
сай еді.
Марқұм болған сәттеріміз
тапжылмай,
Жалқын болған сәуелердің –
ай өңі.

Осындағы жанның бәрі
хабарсыз.
Тағдырлар-ай,
түтесілген табансыз.
Өткен күннің естелігіне айналып,
Фотосурет күн кешеді ажалсыз...

ТЕРЕКТІҢ ТАҒДЫРЫ

Түнде дауыл
жапырағын теректің,
Жаланаштап жіберіпті ерек тым.

Бір жапырақ желмен бірге
ырғалып
Тағдырына тұрды еріксіз құр налып.

Жапырағым «жауға» берді
енді орман:
Келемежі таусылмаған
кем жалған!

Құрылыс қарқыны қандай?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау, қала құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіріп, үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал топтағы азаматтардың баспана мәселесін шешу қажеттігін баса белгіледі. Соңғы жылдары аймақтағы тұрғын үй құрылысы жанданды. Өңірде халықты баспанамен қамту мақсатында бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып, жаңа тұрғын үй кешендері бой көтеруде.



Быттыр облысқа 5 мыңнан астам пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Бұл көрсеткіш 545 мың шаршы метр тұрғын үй аумағы. Аталған мақсатқа 4,3 млрд теңге бөлінген. Оның 3,6 млрд теңгесі республикалық бюджет есебінен дайын жалға берілетін тұрғын үйлерді сатып алуға жұмсалса, облыстық бюджеттен бөлінген 700 млн теңге инженерлік және коммуникациялық жүйелерді дамытуға бағытталған. Бұл туралы «ekaraqanda» ақпараттық порталы жариялаған.

Дол осы ақпараттық порталы өткен жылы өңірімізде пайдалануға берілген тұрғын үй аумағы 540 326 шаршы метрді құрады. Бұл жоспарланған көрсеткіштен 5 мың шаршы метрге аз екенін мәлімдейді.

2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық ин-

фрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, отбасының бір мүшесіне шаққандағы табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдар үшін жеке тұрғын үй қорындағы жалдау төлемдері субсидияланатынын да айтып отыр.

— 2025 жылғы есеп бойынша Қарағанды қаласында мемлекеттен тұрғын үй алу үшін 20 451 адам кезекте тұр. Халықтың әлеуметтік осал топтарына баспана берілуде. 2005-2006 жылдары есепке тұрған азаматтарға, сондай-ақ, 2009-2010 жылдардан бері кезекте тұрған жетім балаларға, 2019 жылдан бері кезектегі көпбалалы отбасыларға баспана беріле бастады, — делі Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастар бөлімі тұрғын үй секторы-

ның менеджері Әділ Әубәкіров.

Оның мәлімдеуінше, әр санаттағы кезектер әртүрлі және олардың саны да біркелкі емес. Қала бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері шамамен 8 мың адам, көпбалалы отбасылар — 1 700-ге жуық, жетім балалар — 3 500. Осыған байланысты тұрғын үй алу процесінде белгілі бір кешігулер орын алуы мүмкін.

— Бірнеше жыл бойы жалдамалы пәтерде тұрып келдік. Мемлекеттік бағдарлама аясында пәтер алу мүмкіндігі туды. Құжат жинау мен рәсімдеу барысында тиісті мамандар тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жаңа пәтеріміз барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтылған, мектеп пен балабақша жақын орналасқан. Ең бастысы — өз үйіміздің болғаны отбасыма қатты қуаныш сыйлады, — делі қала



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

тұрғыны Айгүл Сейітова.

Егер тұрғын үй алу үшін Отбасы банк ұсынған «5-10-20» бағдарламасы арқылы кезекте тұруды жоспарласаныз бағдарламаларға қатысуға жас шектеулері жоқ. Көпшілік осы кезеңде банктерде депозит ашып, қаражат жинай бастайды. Бұл болашақта жеңілдетілген несие арқылы тұрғын үй алу мүмкіндігін арттырып, қаржылық дайындықты қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы биліктің айтуынша, тұрғын үй құрылысы мен кезекке тұрған азаматтарға қолдау көрсету жұмыстары алдағы жылдары да жалғасын табады. Жаңа үйлер көбейген сайын кезекте тұрған әрбір тұрғынның баспанаға қол жеткізу мүмкіндігі жақындай түседі.

Қарағанды өңірінде жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй бағдарламалары халықтың әлеуметтік теңдігін нығайтып, әлеуметтік осал топтардың өмір сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрғындардың баспаналы болуына ықпал етіп, аймақтың тұрақты дамуына да серпін береді. Алдағы уақытта тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарлама жұмысын жалғастырады. 2026 жылдың наурызында «Наурыз» бағдарламасы басталады. Жоба кемеінде 2031 жылға дейін іске аспақ.

Мирас ЫБРАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Алты көлік табысталды

Жақында Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында аудандық орталық ауруханаға алты жаңа санитарлық автокөліктің кілттерін салтанатты түрде табыс етті.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа автокөліктер аудандық орталық ауруханасы мен Шашубай, Шұбартау, Қарабұлақ, Шабанбай би және Жидебай ауылдық округтеріндегі медициналық пункттерге жеткізіліп, тұрғындарға жедел әрі сапалы медициналық көмек көрсетуге қызмет ететін болады. Игі шараға аудан әкімімен қоса қоғамдық ұйым өкілдері қатысып, медицина қызметкерлерін және



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

аудан тұрғындарына құттықтау сөзін жеткізді. Аудан басшысы жаңа автокөліктердің халыққа сапалы әрі уақытылы көмек көрсетуге зор мүмкіндік беретінін атап өтті.

Айта кетейік, аталған шара Президент тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр. Бұл игі бастама ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсартуға және медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

Дәурен Абзалұлы ҚАРАСАРТОВ

2026 жылғы 10 ақпанда Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы саласының дамуына еңбегі сіңген білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, ауыл азамат Дәурен Абзалұлы Қарасартов 80 жасқа қараған шағында ұзаққа созылған ауыр наукастан соң өмірінен озды.

Дәурен Абзалұлы 1946 жылдың 30 қарашасында Теміртау қаласында қызметші отбасында дүниеге келіп, орта мектепті бітіргеннен кейін Мичурин кеңшар техникумын 1966 жылы, одан кейін Қазақ ауыл шаруашылығы институтын 1972 жылы «инженер-механик» мамандығы бойынша тәмамдаған.



Институттан кейін еңбек жолын бұрынғы Егіндібұлақ ауданының «Комсомол» кеңшарында машина-трактор шеберханасының менеджері болып бастаған ол іскерлігімен көзге түсіп, 1973 жылы «Қоянды» кеңшарының бас инженері, 1975 жылы аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы, ал 1977 жылы осы ауданның Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңшарының директоры болып тағайындалады.

Бұл қызметті 8 жыл абыроймен атқарып, ауыл тұрғындарының алғысына бөленген азамат 1985 жылы облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының механикаландыру бойынша орынбасары, 1986 жылы облыстық агроөнеркәсіп кешенінің ұйымдастыру техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы болып істеді.

Ал, Дәурен Қарасартовтың 1986 жылдың маусымынан бастап Қарқаралы ауданындағы «Киргизия» кеңшарын басқарған кезінде ел-жер үшін атқарған еңбектері сол өңірде сайрап жатыр. Бұл жылдар ішінде шаруашылықтың тасы өрге домалап, қаншама әлеуметтік-тұрмыстық нысандар салынып, халықтың әл-ауқаты арта түсті.

Содан кейін 1991 жылы облыстық «Қазақроеркәсіптехника» бірлестігінің бастығы қызметін атқарған Дәурен Абзалұлы 1993 жылдың маусымынан 1996 жылдың қазан айына дейін Қарағанды облысы әкімшілігі басшысының орынбасары болып еңбек етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында облыс экономикасын, соның ішінде тұралаған ауыл шаруашылығын тығырықтан шығару жолында ол көп күш-қайрат жұмсады.

Кейінде 1996 жылдың қазан айынан 2009 жылдың қарашасында зейнет демалысына шыққанға дейін Қарағанды облыстық жер комитетінің төрағасы болған Дәурен Қарасартов аймақта жер мәселесінің оң шешілуіне өлпесіз үлес қосып, сонынан қаншама жастарды тәрбиелеп, жақсы шәкірттер қалдырды.

Дәурен Абзалұлы Қарасартовтың ел алдындағы ерен еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, ол Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Тың және тынайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды. «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атанды.

Дәурен Абзалұлы күнделікті өмірде қарапайым, байсалды, үлкен отбасының тірегі, көпшіл де ақсарқын азамат еді. Біз бүгін марқұмның отбасы, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтып, сабырлық тілейміз!

Білікті басшы, іскер ұйымдастырушы Дәурен Абзалұлы Қарасартовтың жарқын бейнесі мен іскерлік қабілеті біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Е.БӨЛЕКПАЕВ, Н.КОБЖАНОВ, А.ТАЙЖАНОВ,
Е.А.ПЫСОВ, Р.КЕНЖЕБЕКОВ, Ә.ӘЛДЕНЕЙ,
О.ТАУРБЕКОВ, Е.ГАЛИЕВ, Н.БИКЕНОВ,
З.МОЛДАХМЕТОВ, Р.МАРБЕКОВА, Қ.МЕЙРАМБЕКОВ,
С.БЛЯЛОВ, С.АҚСҰҢҚАРУЛЫ, Ғ.ТУЯҚОВ, Ә.АРҒЫНОВ

Бұқар жырау ауданы әкімдігі Қазақстанның Құрметті журналисі, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Бұқар жырау ауданындағы меншікті тілшісі Ержан Иманшаға ағасы

Дәурен Абзалұлы ҚАРАСАРТОВТЫҢ
дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№66

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы

Дәурен Абзалұлы ҚАРАСАРТОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, Қазақстанның Құрметті журналисі Ержан Иманшаға ағасы

Дәурен Абзалұлы ҚАРАСАРТОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Құндылық пен білім тоғысы

Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясында гуманитарлық пәндер кафедрасының дәстүрлі онкүндігі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мазмұнды әрі тағылымды іс-шараларымен ерекшеленді.

Онкүндік жоспарына сәйкес, алғашқы күні ашық сабақтар мен салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Ашық сабақтар барысында «Адал азамат» құндылықтары кеңінен насихатталып, оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді. Ашылу салтанатында жыл көлемінде аталып өтетін атаулы даталар қамтылып, тарихи қойылым көпшілік назарына ұсынылды.

Салтанатты шарада мектеп директоры Қымбат Оспанова сөз сөйлеп, биылғы оқу жылының маңыздылығына, тарих пен әдебиеттің өзара сабақтастығына, мемлекеттік тілді құрметтеудің қоғамдағы рөліне ерекше тоқталды.

Гуманитарлық пәндер кафе-

драсының жетекшісі Әсел Тойымбекованың бастамасымен әдебиет пен тарих пәндері бойынша түрлі тақырыптағы ашық сабақтар мен тағылымды кездесулер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Толқын Асқарбаева мен Сандұғаш Сембаеваның «Жыр жолындағы құмыр» атты ақын Сұлтан Дәулетханұлымен кездесу кеші оқушыларға ерекше әсер қалдырды.

Ахметжанова Құралайдың жетекшілігімен өткен «Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету» қағидасы бүгінгі қоғамда басым болуы керек» тақырыбындағы дебат оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, азаматтық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, «Өнегелі өмір» жобасы аясында Асылтас Рахимова, Балғын Дақынова, Гүлзат Ахметова «Ғылымның ұмытылмас тарланы» атты ғылыми-танымдық кездесу өткізді.

Жас ұстаздардың кәсіби шеберлігін шыңдауға арналған «Ақыл алаңы. Battle Edition» жас мамандар сайысы Зибәгүл Нұрлыбаева, Жұлдыз Жүнісова,



Айжан Мұқашева ұйымдастырумен жоғары деңгейде өтті. Онкүндік барысында оқушы-

лардың шығармашылық қабілеті мен пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі сай-

ыстар ұйымдастырылды. Батырхан Аяухан мен Нұрымбекқызы Нұрасыл жетекшілік еткен «Му-

зыка — адамзаттың әмбебап тілі» атты музыкалық-тарихи әндр сайысы ұлттық өнер мен тарихты ұштастыра білді. Айжарқын Іңкәрбекова мен Сабина Бәкірова «Әдеби монополия» сайысында оқушылардың әдеби білімін жетілдірсе, Дана Амантаева мен Айдана Тұтаева «Білгенге маржан» сайысында оқушылар арасында мақал-мәтелдер арқылы сөз сайыстырды.

Ал, Жанар Құсайын «Мен оқыған бір кітап» READx форматындағы іс-шарасында оқушылар оқыған шығармалары бойынша ой бөлісіп, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін шыңдады.

Онкүндік аясындағы барлық іс-шаралар бастауыш сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі білім алушыларды толық қамтып, жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды.

Белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, барша қатысушыларға алғыс білдірілді.

Махабат ДОСАНОВА,
қазақ тілі мен
әдебиет пәні мұғалімі

Сурет автордан

• ФУТБОЛ

Жерлестер жеңіс күтеді

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Түркияда өтіп жатқан екінші оқу-жаттығу жиындары аясында үшінші жолдастық кездесуін өткізді. Бұл жолы жерлестер өзбекстандық «Қоқан 1912» клубымен ойнап, 1:3 есебімен жеңіліп қалды.



ERBOL ERBOLAT, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, «Қоқан 1912» клубы – Өзбекстандағы ең көне клуб. Әуелде «Мускоманда», яғни, «Мұсылмандар командасы» деп аталған көрінеді. Бірақ, Совет үкіметі орнаған соң бұл атауға тыйым салынып, «Қоқан» деп өзгертілген. Содан кейін 1926 жылы алғашқы Өзбек КСР чемпионатына қатысып, 1987 жылы ғана чемпион атанады. Одан кейін клуб өз тарихында үш мәрте Өзбекстан бірінші лигасының чемпиондары

атанады. Ал, былтырғы маусымда клуб Өзбекстан суперлигасын ХІІ орынмен аяқтаған.

Бас төреші ысықық шалысымен қарсыластар допты ойынға қосты. Әуелі допка иелік етіп, қарағандылықтарға аяғына допты бермеп еді. Арада бір минут өтісімен жерлестер қарсыластардан допты алып, оң қапталдан шабуылға лап қойды. Оң қапталға ойысқан Рифат Нұрмұғамет қарсылас қорғаушысын қапы қалдырып, қақпаға соққы жасаған. Алайда, қарсылас қақпашысы Азизхон Исоков жойқын соққының бетін

қайтарды.

Бұдан кейін қос команда шабуылды жиілетті. Оң қапталдан да, сол қапталдан да шабуылды үдетті. Кенет ойынның 7-минутында ««Қоқан 1912» клубы кезекті шабуыл ұйымдастырып, есеп ашты. Оң қапталдан Шохрух Гадовев қорғаныстағы әріптесінің берген пасына бірінші болып жетіп, алаңның ортасына пас асырған. Алайда, бұл допка шахтерлік Игорь Шацкий бірінші болып жетіп, допты кері қайтарған. Бірақ, қарсылас команда шабуылшысы Тома Тاباتдзе допты тосып алып, ашық

тұрған қақпаға сүңгітіп жіберді. Есеп – 0:1.

Бұнымен қарсыластар тоқтап қалмады. Араға бір минут салып, Жавохир Хусанов есепті еселеді. Оң қапталдан ойысып кеп, қорғаушыны алдап өтіп тепкен добы, өкінішке қарай қақпадан табылды. Осылайша ойынның небәрі 8-минутында таблодағы көрсеткіш 0:2-ге жетті.

16-минутта қарсыластар қайтадан есеп ашты. Бұл жолы «Шахтер» қақпашысы Игорь Шацкий сол қапталдан ұйымдастырған қос шабуылшының шабуылына төтеп бере алмады. Есеп – 0:3.

Бірінші айналым аяқталмай тұрып, жерлестер есеп айырмасын қысқартып үлгерді. Әлбетте, қарсыластар басым ойында жерлестердің әр шабуылы, әр соққысы маңызды. 31-минутта қарсыластардың шабуылын тойтарып, қарымта шабуылға шыққан. Допка иелік еткен Роман Асылбаев алыстан соққы жасап, қарсылас қақпашысын қапы қалдырды. Осылайша, кездесудің бірінші айналымында қос қарсылас 1:3 есебімен тарқасты.

Екінші айналымнан бастап, жерлестер ойын тактикасын өзгертті. Шабуылға басымдық беріп, аланға тың ойыншыларды алмастырды. Бұдан кейін қарағандылықтардың ойыны ширай түсті. Бірақ, қарсылас команда қорғаныста сауатты ойнап, жерлестер таблодағы есепті өзгерте алмады.

Енді қарағандылықтардың оқу-жаттығу жиындары аясында өткізетін соңғы ойыны қалды. Келесі қарсылас – ресейлік «Leningradets» клубы.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жеңіл атлеттер жарап тұр

Қытайдың Тяньцзинь қаласында жеңіл атлетикадан Азия чемпионаты өткен болатын. Дүбірлі додаға Азия құрлығының 24 елінен жиналған ең үздік спортшылары қатысып, өзара мықтыны анықтады. Құрлық біріншілігіне ұлттық құрама спортшылары да ел намысын абыроймен қорғап, ел қоржынын жүлдеге толтырды. Солардың қатарында жерлестеріміз де бар.

ERBOL ERBOLAT, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарыстың үшінші күнінде ерлер мен әйелдер арасында 4x400 метрлік эстафета өткен болатын. Әйелдер құрамасы сапын-

да өнер көрсеткен қарағандылық Земс Аделина мен Анна Шумило командалық 4x400 метрлік эстафетасында жоғары шеберлік

көрсетіп, алтыннан алқа тақты. Сонымен қатар, тағы бір жерлесіміз Алина Чистякова бессайыс бағдарламасы бойынша сынга түсіп, қорытындысында 4181 ұпай жинады. Осылайша Алина ел қоржынына тағы бір алтын медаль салды.

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Ат үстінде атойлап...

Қазақ халқы ықылым заманнан ат жалында өскен, тұлпарды тіршілігінің ажырамас серігі еткен ел. Бұл асыл дәстүр уақыт тезінен өтіп, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Әкпесе, соңғы жылдары ұлттық құндылықтарға бет бұрып, ат спортына, соның ішінде, төл ойындарымызға қызығушылық танытқан жастардың қатары артып отыр. Бүгінде Қарағандыда сол жастардың басын қосу мақсатында ұлттық ат спорты – аударыспақтан облыстық турнир өтті. Дүбірлі додаға облыстың түпкір-түпкірінен 16 мен 20 жас аралығындағы 80-нен астам шабандоз қатысты. Олар 50 келіден 80 келіге дейінгі салмақ дәрежелері бойынша сынга түсіп, өзара күш сынасты. Жарыстың ашылу сәттанатына Қарағанды облысы аударыспақ федерациясының президенті Айдар Құтышев қатысып, жас спортшыларға ақжарма тілегін білдірді.

ERBOL ERBOLAT, «Ortalyq Qazaqstan»

Турнир Turan-EI қазақ спорт жобасы аясында ұйымдастырылды. Халықаралық талаптарға сай, олимпиадалық жүйе бойынша өткізілді. Ал, белдесу уақыты қатысушылардың жас ерекшелігіне қарай белгіленген. Атап айтсақ, жасөспірімдер ат үстінде төрт минут, ал, ересектер бес минут бойы шеберлік сынасты. Жарыс ереже-

сіне сәйкес қарсыласын ат үстінен бірінші болып аударған шабандоз – жеңімпаз.

– Басты мақсатымыз – аударыспақты насихаттап, өңірден болашақ чемпиондарды тәрбиелеу. Көшпенділер ойындарында, Азия және халықаралық деңгейдегі турнирлерде ел намысын қорғайтын спортшылар қажет. Атап айтсақ, жасөспірімдер ат үстінде төрт минут, ал, ересектер бес минут бойы шеберлік сынасты. Жарыс ереже-



деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Осы турнирде топ жарған жеңімпаздар алдағы уақытта ел біріншілігінде бақ сынайтын болады, – деді Айдар Құтышев.

Сонымен қатар, Қарағанды облысы туризм басқармасының бас маманы Нұргүл Пак өңірде аударыспақ пен жалпы ат спорты түрлеріне жастардың қызығушылығы

жылдан-жылға артып келе жатқанын атап өтті.

– Қазіргі таңда өңірде ішкі туризм қарқынды даму үстінде. Соның аясында ұлттық ат спортына ерекше мән беріліп келеді. Қарағанды облысының табиғаты ат спорты түрлерін дамытуға өте қолайлы. Кең дала, қолайлы климат, қажетті инфрақұрылым – мұның бәрі бұл

• КЕШ

Мәңгілік ғұмыр жыршысы

Жыр падишасы Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» әдеби-сазды кеші Балқаш қаласындағы М.Хамзин атындағы Мәдениет сарайында өтті. Бұл кеш – жай ғана мерекелік шара емес, өлеңге тағзым, рухқа тағзым, ұлттың жүрек лүпілімен қайта қауышу сәті болды.



НҮРЛОС КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдығы Әбділда Тәжібаевтың: «Өлең өлмейді. Оны жазған ақын да өлмейді» деген ғибратты сөзімен ашылды. Сол сәтте Мұқағали жыры зал ішінде тіріліп, көрерменнің көкірегін тербегендей әсер қалдырды. Жарық маңдайлы ақын жыр оқып тұрғандай, өлең әр жүрекке жол тапты.

Ақын жырларына алғашқылардың бірі болып, әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушылары үн қосты. Сондай-ақ, Мәдени-сауық орталығы жанындағы «Қуыршақ» театрының жетекшісі, көркемсөз оқу байқауларының жеңімпазы Меруерт Нұрашқызы жатқа оқыды. Жыр мен әуен астақан кеште ақын сөзіне жазылған әндер шырқалды. Жергілікті композитор, «Үздік еңбек адамы» төсбелгісінің иегері Қадыр Баймырзаның «Ұлыма» әні – әкенің баласына айтқан ама-

наты іспетті, жүректен жүрекке жетті. Кеше өлең болған толғаныс, бүгін ән болып, зал төрінде қалықтады.

Кеш барысында ақынның алтын қорға енген өз дауысы тыңдалып, көрермен қауым Мұқағали жырының табиғи тынысын, сырлы үнін сезінді. Ал, Мұратхан Егінбаевтың сөзіне жазылған «Құмған алған» әнін Айдана Өміржан орындап, поэзия мен саздың егіз ұғым екенін тағы бір дәлелдеді. Тұрсынғазы Рахимовтың «Сәби болғым келеді» әнін Жасұлан Жақенов шырқады. Әдеби-сазды кеште ардагер ұстаз Берікбол Ботайұлы, ақын Мөлдір Бөлекова Мұқағали рухына арналған өлеңін оқыды.

БАЛҚАШ

Сурет ұйымдастырушылардан

саланың ілгерілеуіне мүмкіндік береді. Бұған қоса, өңірде тәжірибелі, білікті мамандар жеткілікті. Ең бастысы, ат спортына қызығушылық танытып жүрген жастардың қатары жыл сайын көбейіп келеді. Олар белсенді, жігерлі әрі ұлттық құндылықтарға бейжай қарамайды. Мұндай серпін спортты ғана емес, өңірлік туризмді дамытуға да тың серпін береді, – деді ол.

Бұл бәсекеде Шет ауданынан арнайы келген жас спортшы Аслан Кәріғұл да бақ сынады. Жасы небәрі 19-да болса да, ат спортына өбден төселген тәжірибелі шабандоз. Өзі атқа алғаш рет 12 жасынан мінген екен. Содан бері ұлттық спорты серік етіп, түрлі деңгейдегі жарыстарда шеберлігін дәлелдеп келеді. Бұл оның алғашқы додасы емес. Бұған дейін ел чемпионаты мен бірқатар республикалық турнирде жүлделі орындардан көрініпті. Бұл жолы да мандай тер мен тынымсыз еңбегінің арқасында ІІ орынды қанжығасына байлады.

– Биыл осы спортпен тұрақты түрде айналысып жүргеніме жеті жылдан асты. Негізгі бала күнімнен

ат үстіндемін. Әкем де шабандоз. Кішкентайымнан мені атқа мінгізіп, осы жолға баулады. Кейін 13 жасымнан бастап, аударыспаққа біржола бет бұрдым. Бұл спорт адамнан тек білек күші мен ептілікті ғана емес, төзімділік пен сабырды, жауапкершілікті де талап етеді.

Ат – адамды сезетін, мінезі бар жануар. Сондықтан, аттан қорықпай, оны түсініп, тіл табыса білу маңызды. Ат үстінде өскен адам ерте есейеді. Тәртіпке үйренеді. Мұндай тәрбие ерте ел тізгінін ұстайтын азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сол себепті балаларды жас кезінен атқа үйретіп, ұлттық спортқа баулуын мәні зор. Атқа мінген бала жаман болмайды, – деді балуан.

Айта кетейік, биыл маусым аясында Қарағандыда алғаш рет аударыспақтан ел чемпионаты өтеді деп жоспарлануда. Ал, аталған облыстық турнир сол дүбірлі додаға қатысатын үздік шабандоздарды іріктеу, олардың дайындығын пысықтау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Сурет ұйымдастырушылардан

 ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 013 №16 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
--	---	--